



ЕКПЕ РЕЙТИНГІНДЕ
ЕКПІН БАР

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



КІСІЛІК ПЕН МЕЙІРІМДІ
САҒЫНАМЫН

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ТҮТҚЫННЫҢ ТАЛАЙСЫЗ
ТАҒДЫРЫ...

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗДЕ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОҚ. БҰЛ – ӨТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ. СОНДЫҚТАН ЖАҚСЫЛАП ТҮРЫП ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК. ЕГЕР ҚАЖЕТ БОЛСА, ҮКІМЕТКЕ ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР БЕРЕМІН. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ҚАЗАҚСТАНДА ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАЙМЫЗ. Я БОЛМАСА, МЕН ӨЗІМ ПРЕЗИДЕНТ РЕТІНДЕ ЖАРЛЫҒЫМДЫ ШЫҒАРАМЫН.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№74 (4198) Сенбі 26 маусым 2021 жыл

ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ А Қ Ш А М Ы 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA АҚПАРАТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті журналистер, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Ақпарат саласы – қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды сала. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде елге адал қызмет ету – әр журналистің абыройлы міндеті. Сіздер қашанда ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел қамы үшін қалам тартып жүрсіздер. Мемлекетшілдік құндылықты дәріптеп, жасампаздық пен жақсылықтың жаршысы болып келесіздер. Ақпарат саласын дамытуға мемлекет тарапынан қашанда ерекше көңіл бөлінеді. Өз кәсібінің майталманы болған қарымды журналистерге қолдау көрсетіледі. БАҚ саласындағы дәстүрлі Президент сыйлығы – соның бір көрінісі. Оның иегері атанған азаматтардың есімі қазақ журналистикасының жылнамасына жазылатыны сөзсіз. Жыл сайын ең таңдаулы журналистерге берілетін марапат осымен жиырма бесінші рет табыстала отыр.

Бұл сыйлыққа қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында ие болудың да символдық мәні бар. Сіздер егемендік жылдарында ұрпақтың бойына азаттық рухын сіңіруге зор үлес қостыңыздар. Мен мемлекет пен қоғамның ортасында алтын көпір болып жүрген журналистердің еңбегін жоғары бағалаймын. Әрқайсыңыз шынайы ақпарат таратудың жауапкершілігін сезініп, ұлттық мүдденің биігінен көріне беріңіз деп сенемін.

Соңғы кезде радио қызметкерлерінің кәсіби мерекесі жоқ екені жиі айтылып жүр. Мен Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен жөн деп санаймын.

Еліміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың арқасында өсіп-өркендей түссін! Журналистер жағымды жаңалығымен жұртшылықты қуанта берсін!

Баршаңызға шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін! Мереке құтты болсын!



ТҮРҒЫН АЛАПТАР ТҮРЛЕНЕ ТҮСЕДІ

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Қаналимов Есіл ауданының әкімі Берік Жәкеновпен бірлесіп, Үркер және Ильинка тұрғын алаптарында көшпелі кеңес өткізді. Белсенді тұрғындармен жүздесуде бүгінгі таңдағы ең өзекті, түйткілді мәселелер ашық көтеріліп, шешу жолдары талқыланды. Бұл туралы Е.Қаналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

2

КЕЛІСІМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Биыл шілде айында Дубай (БАӘ) қаласында қазақстандық INUI стартапының кеңсесі ашылады. Бұл туралы «Astana Hub» халықаралық IT стартаптар технопаркінің PR директоры Марат Шәкен мәлім етті.

Аталған IT жоба Astana Hub стартаптар технопаркінің толықтай бір қабатында орналасқан. «Қазіргі уақытта INUI стартапының Дубай қаласында кеңсесін ашу мәселесі қаралып жатыр. Себебі бүгінде Дубай – әлемдегі киберспорт жоғары қарқынмен дамып келе жатқан қалалардың бірі. Одан бөлек,

біз өз тарапымыздан IT саласында тың идеясы бар стартапшыларға тегін алаң мен қажетті жабдықтарды ұсына аламыз. Және идея авторларын инвесторлармен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік жасаймыз. Яғни өз идеясын іске асырамын деген адамға жол ашық. Бізде инвесторлар күні деген

арнайы шара бар, онда үздік деген стартап жобаларды қолдау көрсетуге дайын инвесторлардың назарына ұсынамыз. Сол арқылы жоба қаржыландырылады» дейді ол. Оның айтуынша, елордадағы стартаптар технопаркі 502 халықаралық IT компаниямен өзара тығыз байланыста жұмыс істейді.

285 ПӘТЕР ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ

Ертең елордада көпбалалы отбасыларға сатып алу құқығынсыз пәтер беру үшін құжаттарды қабылдау басталады. Бағдарламаға көпбалалы отбасы ретінде пәтер кезегінде тұрған отбасылар қатыса алады.

Жалдамалы пәтер алуға ниеттілер құжаттарын qatysu.zhilfond.kz порталы арқылы онлайн режимде 7 шілдеге дейін тапсыра алады.

Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй орталығының мәлімдеуінше, аталған санатқа жататын отбасыларға екі бөлмелі 285

пәтер дайындалған. Сатып алу құқығынсыз жалдамалы пәтерге тұруға іріктеу 2006 жылдан бастап тұрғын үй кезегіне тұрғандар арасында жүргізілімек. Дегенмен мұнда кезекке өзгелерден бұрын тұрғандарға басымдық беріледі.





ЕЛБАСЫ ЕКПЕ АЛДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қарағанды фармацевтикалық зауытында шығарылған «Спутник V» вакцинасының бірінші компонентін алды.

Вакцинациядан кейін Елбасы қазақстандықтарды санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға және белсенді түрде екпе салдыруға шақырды.

– Қазіргі таңда Қазақстанда үш миллионға жуық адам вакцина

салдырды. Бүгін мен де коронавирусқа қарсы вакцина алдым. Барша қазақстандықтарды белсенді түрде вакцинация жасауға, одан қорықпауға шақырамын. Әсіресе қазір вирустың жаңа штамы пайда болған кезде вакцина салғызу-

дың маңызы ерекше. Бұл өз денсаулығымыз үшін керек. Біз күрделі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Осы қиындықты бірлесіп еңсеруге тиіспіз. Баршаңызға шын жүректен мықты денсаулық пен бақ-береке тілеймін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАЙМЫЗ!

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов пандемия кезінде кәсіпкерлерге жасалған жағдайды айта келе, 97 мыңнан астам кәсіпкер жалпы сомасы 31 млрд теңге болатын салықтан босатылғанын мәлім етті. Бұдан басқа, шығындарды оңтайландыру кезінде 25,7 млрд теңгеден аса қаржы экономиканың нақты секторын қолдауға және инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Бизнесстің жол картасы бойынша кәсіпкерлік саласында жағдайлар жеңілдетілді. Жыл басынан бері 20,7 млрд теңгеге мыңнан астам жоба қолдау тапты.

«Бізге жүктелген міндеттердің бірі – кәсіпкерлерімізді қолдау. Қазір осы бағытта тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Пандемия кәсіпкерлердің жұмысына айтарлықтай әсер еткені белгілі. Мемлекет өз кезегінде бұл бағытқа уақытылы көмек көрсетті: салықтар мен несиелер төлеу кейінге қалдырылды; ең көп зардап шеккен нысандар бюджетке төленетін тиісті төлемдерден босатылды. Осылайша 97 мыңнан астам кәсіпкер жалпы сомасы 31 млрд теңге болатын салықтан босатылды. ТЖ режимі кезінде маңызды салалар үшін «жасыл» дәліз ұйымдастырылды. Бұл оларға қаланың блокбекеттерінен кедергісіз өтуіне мүмкіндік берді. Ал Ashyq бағдарламасы бойынша көбі өз қызметін қайта бастады.

Өңірлік кәсіпкерлер кеңесімен кездесуде бірқатар мәселе талқыланды: жұмысшы кадрлардың тапшылығы, инженерлік желілерді жүргізу процесі, МИБ құру және дамыту. Ал отандық тауар өндірушілерді қолдау, туристік сала, Ashyq жобасын одан әрі дамыту секілді мәселелер бөлек талқыланды. Бұл қысқа мерзімде бірқатар маңызды проблеманы шешуге, ал ұзақ мерзімді жүйелі мәселелерді қолға алуға мүмкіндік береді.



2019 жылдың күзінен бастап қалалық даму акселераторы іске қосылды. Бұл белсенді тұрғындар, қоғамдық ұйымдар, сарапшылар қатысатын топ болып есептеледі. Онда, мәселен, экология, қоғамдық көлікті дамыту, ПИК-тен

МИБ-ке өту механизмі секілді түрлі мәселелер қаралды.

Келіп түскен сауалдар бірден қолға алынды» деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында.

ТҰРҒЫН АЛАПТАР ТҮРЛЕНЕ ТҮСЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Бүгін Үркер және Ильинка тұрғын алаптары тұрғындарының өтінші бойынша осы елді мекендерде көшпелі кеңес өткізілді. Есіл ауданының әкімі Берік Жәкеновпен бірге тұрғын алабының белсенділерімен кездесіп, №12 емханаға бардық. Кездесу қорытындысы бойынша СТС компаниясының басшылығына екі апта мерзім ішінде Ақмола облысы Қараөткел кентінен және Үркер, Ильинка т/а автобус маршруттарының қозғалысына егжей-тегжейлі талдау жасау жөнінде ұсыныстар бердім, мектеп директорына шұғыл мерзімде іргелес аумақты ретке келтіруді, көгалдандыру мен абаттандыруға ерекше назар аударуды тапсырдым» деп жазды Е.Қаналимов.

Оның айтуынша, полицейлермен бірге мектеп жанындағы

жолдарға жасанды кедір-бұдыр бөгет орнату мәселесі пысықталады. Сондай-ақ емхана ұжымымен кездесуде алаңдардың жетіспеушілігі және оналту орталығын ашу мәселесі талқыланды. «Көлік

ұсынуға жәрдем көрсетеміз. Аудан әкімдігі және депутат Назгүл Маржанмен бірлесіп отырып, барлық мәселелерді қатаң бақылауда ұстаймыз» деп сендірді жұртты қалалық мәслихат хатшысы.



«ЦИФРЛЫҚ ҮКІМЕТ» КЕҢСЕСІ АШЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында жыл соңына дейін «Цифрлық үкімет» кеңсесі ашылады. Бұл туралы «QazExproCongress» ұлттық компаниясы АҚ басқарма төрағасы Аллен Шэйжүнсов мәлім етті.

«Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесінен кейін кешеннің тағдыры не болады деген сұрақ туындады. Сол үшін арнайы талдау жүргізілді. Мақсат – «Астана EXPO-2017» көрме кешенін одан әрі тиімді қолдану. Талдаудың нәтижесінде кешеннің болашақтағы қызметі бойынша 2018 жылдың сәуір айында тұжырымда-

ма әзірленіп, оны Мемлекет басшысы бекітті. Яғни 2020 жылдың ақпан айынан бастап «Астана EXPO-2017» кешені «QazExproCongress» деп аталады» деді Аллен Шэйжүнсов.

Елордадағы EXPO іскерлік орталығында барлығы 15 нысан бар. Олардың қатарында «Нұр Әлем» болашақ энергиясы мұражайы, Astana IT университеті, халық-

аралық «жасыл» технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Astana Hub IT стартаптар технопаркі және басқа да компаниялар бар.

«Одан бөлек, қазіргі уақытта орталық аумағында «Цифрлық үкіметтің» кеңсесі жасалып жатыр. Жаңа кеңсені жыл соңына дейін іске қосу жоспарланған. Осылайша бүгінде EXPO орталығы 98 пайыз жұмыс істеп тұр. Яғни біздің базада іскерлік белсенділікті ынталандыру және жетекші даму институттарды тарту үшін толыққанды бизнес орта қалыптасты. Сонымен қатар кешен аумағы кез келген деңгейдегі іс-шараларды өткізу үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, заманауи инфрақұрылым мен экожүйе» деді ол.



Елорда әкімі Алтай Көлгінов тағы қала тұрғындарына тағы да үндеу жолдады.

ШҰҒЫЛ ЕКПЕ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ

«Күрметті елорда тұрғындары мен қонақтары! Өздеріңіз білетіндей, қаламызда «дельта» штамы (үнді штамы деген атаумен белгілі) инфекциясының алғашқы жағдайлары тіркелді. Науқастар саны азаймай тұр. Өткен тәуліктің өзінде инфекцияның 413 жағдайы анықталды. Мыңнан астам адам инфекциялық стационарларда жатыр. Төсек-орындардың жартысынан көбі толды. Реанимация бөлімінде 100 науқас жатыр. 21 адамға өкпені жасанды желдету аппараты қосылды. Медицина қызметкерлеріне артылған жүктеме бірнеше есе өсті және өсіп жатыр» деп жазды қала басшысы Instagram парақшасында.

«Бірінші. Тәуекел тобындағы азаматтарға міндетті түрде вакцина алуды ұсынамыз. Бұл топқа педагогтар, медицина қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер, мектеп, балабақша, университет қызметкерлері, қызмет көрсету салалары, яғни ХҚО, банктер, сауда және ойын-сауық орталықтары (СОО), сауда үйлері,

шаштараздар, сұлулық салондары, талапкерлер (18 жасқа толған), сондай-ақ қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметкерлер жатады. Қала тұрғындарымен тікелей байланыста болатын және жұмыс істейтін қызметкерлер ең алдымен өзін және айналасындағы адамдарды қорғауы қажеттігін түсінуі керек. Мысалы, қоғамдық тамақтану орындарында/мейрамханаларда немесе СОО-да бөтен адамдармен тікелей байланысатын болсаңыз, ең алдымен вакцинациядан өтіп, өзіңізді және айналасындағы жұртты қорғауыңыз керек. Егер аталған ұйым қызметкерлері вакцинацияланбаса, нысанның жұмысы тоқтатылады.

Екінші. Екпе салдырған қызметкерлер үшін жұмыс орындары қолжетімді. Екпе алмағандар (медициналық рұқсаты бар қызметкерлерді есептемегенде) қашықтан жұмыс істеу және оқу форматына жіберілуі керек.

Үшінші. Ashyq жобасы өз кезегінде қызметкерлері 100

пайыз вакцинацияланған кәсіпорындарда ғана жұмыс істейді. Сонымен қатар Ashyq қосымшасы келушілердің егілу белгісін анықтайтын «Вакцинация» модулімен біріктірілуі керек. Бұл шаралардың бәрі қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жасалады. Вакцинация арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру кезінде ғана қала карантиндік шектеулерсіз, лоқдаундарсыз және т. б. бұрынғы, карантинге дейінгі қалыпты өмірге орала алады.

Ең бастысы – адам өмірімен және денсаулығымен ойнамаңыз! Алдығызда тек екі жол бар. Бірінші – әрбір адам ерте ме, кеш пе, вирусқа тап болады. Нәтижесінде түрлі дәрі-дәрмектер алып, ұзақ уақыт емделеді. Екінші әдіс – вакцинация. Ғылым адам денсаулығы үшін вакцинадан артық ешнәрсе ойлап тапқан жоқ. Өзімізді және айналасындағы жандарды қорғау арқылы ғана осы бір қиын кезеңтен өтеміз» деп түйіндеді А.Көлгінов.

ҰТЫСҚА – ПӘТЕР!

Елордада вакцинацияланған қызметкерлердің қатары аз кәсіпкерлік нысандардың жұмысы тоқтатылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.

«Биыл әлеуметтік нысандар, яғни қолжетімді, жеңілдікті тұрғын үй, оқу орындары, аула клубтары және т. б. нысандар құрылысының көлемі ұлғайды. Ірі құрылыс компанияларының басшыларымен кездестік. Жұмыс жоспарын талқылап, уақытын белгіледік. Эпидемиологиялық жағдайды және нысанда жұмыс істейтін адамның көптігін ескере отырып, міндетті түрде вакцинациялау ұсынылды (медициналық тұрғыда рұқсат етілмегендерден бөлек). Вакцинация нысанда жұмыс істейтін қызметкерлерді және олардың отбасыларын, сондай-ақ айналасындағы жұртты қорғайды. Осылайша коронавирустың таралуы тоқтайды» деді әкім.

Вакцинацияланған қызметкерлердің қатары аз болса, нысанның

жұмысын тоқтатуға мәжбүр боламыз деді әкім.

«Коронавирустың таралуын болдырмау және вакцинация жүргізу бойынша штаб отырысын өткіздім. Өз орынбасарларыма, басқарма басшыларыма және аудан әкімдеріне жетекшілік ететін салаларда вакцинациялаудың маңыздылығы мен қажеттілігін жоғары деңгейде түсіндіру үшін кезелеген жауапкершілік жүктелді.

Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін қала халқының 60 пайыздан астамы вакцинациялануы қажет. Санитарлық дәрігерлер карантиндік қосымша шектеулер туралы жаңа қаулы дайындауда: қауіп-қатер тобы үшін вакцинация міндетті, вакцинацияланбаған қызметкерлерді қашықтан жұмыс істеу режиміне көшіру талап етіледі

Қала тұрғындарын ынталандыру үшін бағалы сыйлықтардың ұтыс ойынын енгізіп жатырмыз. Ал жаңадан вакцинацияланғандар арасында екі бөлмелі пәтер ойнап-пақыз (инвесторлар есебінен). Ұтыс ойынына қала емханаларында немесе СОО/СҮ пункттерінде екпе алған қала тұрғындарының бәрі қатыса алады» деді А.Көлгінов.

Ал пәтер ұтысының ойынына осы жылдың 25 маусымы мен 31 тамызы аралығында вакцинацияның бірінші компонентін алатын 18 жасстан асқан қала тұрғындары қатыса алады. Нәтижесі қыркүйек айында жарияланады. Конкурстың әділ өтуі және вакцинацияландырушылардың толығымен қамту үшін (көрсетілген кезеңде) IT-қоғамдастық жұмылдырылады.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



ТОКИО

«Токио-2020» ұйымдастыру комитетінің басшысы Сэйко Хасимото Олимпиада ойындарын өткізу кезінде спорт нысандарында алкоголь ішімдіктерінің сатылмайтынын мәлімдеді. Сонымен қатар тыйым салынған заттарды жарыстар өткізілетін стадиондарға көрермендердің өздерімен бірге ала келуіне де рұқсат берілмейді. Осының алдында 37,5 градустан асқан ыстығы бар адамдардың Токиодағы олимпиадалық ойындарын тамашалауға тыйым салынғаны айтылған болатын.



БІШКЕК

Қалада Өзбекстанда жинақтаған жапонның Isuzu автобусы жолаушылар тасымалы қызметіне қосылды. Алдағы жазда осындай маркалы 350-ге тарта көлік қала көшелерімен қатынайтын болады. Ұзындығы 6,9 метр, 38 адам сыйтаын, оның ішінде 16 орындығы бар автобустың жақсы жері – экологиялық таза газбен жұмыс істейді. Жаңа көлік нарықтағы адам тасымалына аса қолайлы емес шағын автобустарды ығыстырып, жолаушылардың тасымалы жаңа деңгейге көтеріледі деп күтілуде.



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Кеше «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы қызметкерлері мен мекемелері арасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерін тапсыру басталды.

karkynktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Іс-шараның салтанатты ашылуына Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Ерлан Қожабапанов және Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Ерғалиев, қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Қаналимов қатысты. Жарыс Нұр-Сұлтан қаласының спортшылары, сондай-ақ елорданың спорт ұйымдарының қызметкерлері арасында өтті. «Спорт – ұлт денсаулығының кепілі. Жылдан-жылға елімізде салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтар көбейіп келеді. Мемлекет тарапынан да спортқа айрықша көңіл бөлініп, бұқаралық спортпен шұғылдануға жағдай жасалуда. Бұл сынаққа көмелет жасына толған жастарымыздан бастап, 70 жастан асқан ақсақалдарымыз да қатыса алады. Бұл



өз кезегінде халық денсаулығын нығайтуға үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Осы орайда барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін» деді Ерлан Қожабапанов.

Президенттік сынаққа қатысушылар жүгіру, тұрған орнынан ұзындыққа секіру, бел темірге тартылу, жерден кеудені қолмен көтеру сияқты спорттың 4 түрі бойынша тест тапсырды. «Президенттік тестілерді қабылдау осы жылдың 25 маусымы мен 8 тамызы аралығында жоспарланған. Жалпы алғанда,

тестілерді қабылдау ерлер мен әйелдердің әрбір жастағы тобы үшін белгіленген кестеге сәйкес жүргізіледі. Ал президенттік және ұлттық деңгейде дене шынықтыру даярлығы нормативтерін орындаған қатысушыларға арнайы үлгідегі төсбелгілер мен куәліктер беріледі. Жарыс маусым, шілде, тамыз айларына дейін жалғасын табады» деді жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин.

Сынақ қабылдау кезінде вирусқа қарсы барлық санитарлық нормалар сақталады.

ІНДЕТТІ ЖЕҢГЕН КЕЙУАНА

91 жастағы елордалық тұрғын Ирина Хлебникова маусым айының басында «коронавирус» диагнозымен №3 көпбейінді қалалық ауруханаға шұғыл жатқызылған болатын. Ұзақ емделіп, денсаулығы қалпына келген соң әжей аяғынан тұрып, үйіне қайтты.

Ирина Хлебникованың туыстары 8 маусым күні мойын ауруына байланысты учаскелік дәрігерді шақырған еді. Алдымен олар әжейдің остеохондрозы бар деп ойлаған. Бірақ көп ұзамай безгегі ұстап, жөтел қысып, артынша буындары ауырған. Жедел жәрдем бригадасы коронавируска талдау жасап, ол оң нәтиже көрсеткен. Осыдан кейін Ирина Хлебникова шұғыл түрде №3 көпбейінді қалалық ауруханаға жатқызылды.

«Ауруханада алынған анализ нәтижесі өте нашар болды. Мен өзім реаниматолог ретінде әжемнің ағзасында қандай өзгерістер болып жатқанын түсіндім. Әжем ауруханада ұзақ уақыт бойы оттегі арқылы емделді. Егде жасына байланысты созылмалы аурулары да болды» дейді науқастың немересі Инесса Хлебникова.

Жалпы хирургия бөлімінің дәрігері

Виталий Калининнің айтуынша, стационар дәрігерлері егде жастағы науқасты емдеу үшін мүмкін болғанның бәрін жасаған.

«Емдеу жолын белгілеу үшін түрлі сала мамандары жұмылдырылды. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мақсатымызға жеттік. Әжей тірі, дені сау, қазір үйінде» деп атап өтті дәрігер.

Өз кезегінде әже бригаданың фельдшерлерінен бастап аурухана әкімшілігіне дейін атсалысқандардың бәріне алғысын білдірді.

Айта кету керек, стационар дәрігерлері қала тұрғындарын жаппай вакцинацияға қатысуға шақырады. Бұл – КВИ-ден қорғандық жалғыз және тиімді әдісі.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ БАСТАМАЛАРЫНА ГРАНТ БӨЛІНЕДІ

Қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы 14-29 жас аралығындағы белсенді жастар арасында еріктілер бастамаларын қолдауға арналған шағын гранттар байқауын өткізеді. Өтінімдерді қабылдау осы жылдың 2 шілдесіне дейін жүргізіледі.

Байқау аясында еріктілер бастамаларын жүзеге асырғысы келетін 20 жас анықталады. Оларға 300 мың теңге көлемінде шағын грант беріледі. Іс-шараның негізгі

мақсаты – бас қаладағы 14-29 жас аралығындағы волонтерлік бастамаларды қолға алып жүрген белсенді жастарды анықтау. Жобалар қаланың экологиялық,

экономикалық, әлеуметтік мәселесін шешуге арналған, сондай-ақ инновация, ғылым, спорт, т. б. бағыттар бойынша қабылданады.

«ЖУРНАЛИСТЕР АЛЛЕЯСЫ» АШЫЛАДЫ



Елордамызда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құрметіне «Журналистер аллеясы» ашылады. Бұл қаламыздағы тағы бір бірегей жобаның аясында бас қосып, пікір алмасып, бірігіп игі іс атқаруға жол ашатын тамаша мүмкіндік болады.

«Құрметті ақпарат саласының қызметкерлері! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен елордамызда «Журналистер аллеясын» ашу жоспарлануда. Тегін интернетке қосылу мүмкіндігін қарастыратын аллея тілшілер қауымының шығармашылығын шыңдайтын жер ғана емес, бас қаламыздың барша тұрғындары мен қоңақтары үшін де ең сүйікті орынға айналады деп сенемін. Аллеяға өмірден өтіп кеткен журналистикадағы жарқын тұлғалардың есімдері жазылған арнайы ағаштар өсіріп, еске алу тақталарын орнатамыз. Сондықтан аллеяны ашу мерзімін көшет отырғызуға ең қолайлы кезең күз маусымына ауыстырдық» деп жазды Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Балаева өзінің Facebook парақшасына.

МӘСКЕУ

Мәскеуде күннің ысуына байланысты қатерді белгілеген «сары» деңгейі сол қалпында қалып отыр. Ресей астанасындағы табиғи құбылыстың салдарын ескертетін сары жолақ бір аптаға созылды. Осыдан екі күн бұрын күннің ыстығы 33,8 градусқа жеткен болатын. Бұл 1948 жылғы рекордтық көрсеткіштен асып түсті. Сонымен бірге синоптиктер мәскеуліктердің ашық күнде көп жүрмеуге шақырып, ультракүлгін сәулесінің де жоғары деңгейіне қатысты ескерту жасады.



АШХАБАД

Merсег халықаралық консалтинг компаниясы сырттан келетін шетелдік мамандар үшін ең қымбат қалалар туралы жыл сайынғы есебін дайындады. Биыл сырттан келетін шетелдік мамандар үшін әлемнің ең қымбат қалалары рейтингінде Түрікменстан астанасы Ашхабад қаласы көш бастап тұр. Рейтингті жасау үшін қалалардағы 200-ден астам тауар атауы, соның ішінде баспана, көлік, азық-түлік, киім-кешек, үйге және ойын-сауыққа арналған тауарлар бағасы есепке алынады.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ



– Индетті таралуын болдырмау және вакцинациялаудың маңыздылығы мен қажеттілігін жоғары деңгейде түсіндіруде ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Осы ретте пәтер ұтысы жайында толық ақпарат білім келіп еді.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін қала халқының 60 пайыздан астамы вакцинациялануы қажет. Қала тұрғындарын ынталандыру үшін бағалы сыйлықтардың ұтыс ойынын енгізіп жатырмыз. Ал жаңадан вакцинацияланғандар арасында екі бөлмелі пәтер ойнатылады (инвесторлар есебінен). Ұтыс ойынына қала емханаларында немесе сауда, ойын-сауық орталықтарының сауда үйлері пункттерінде екіп алынған қала тұрғындарының бәрі қатыса алады.

Ал пәтер ұтысының ойынына осы жылдың 25 маусымы мен 31 тамызы аралығында вакцинация

бірінші компонентін алатын 18 жастан асқан қала тұрғындары қатыса алады. Қыркүйек айының басында нәтижесін жариялаймыз. Конкурстың әділ өтуі және вакцинацияланғандарды толықтыру үшін (көрсетілген кезеңде) ІТ-қоғамдастықты жұмылдырамыз. Айта кетейін, бұған дейін «MEGA Silk Way» COO егілгендер арасында автокөлік ұтыс ойыны өтетінін хабарлаған. Сол сияқты COO/CY пункттерінде вакцинацияланғандар арасында компьютерлік және тұрмыстық техникалардың, iPhone смартфонның ұтыс ойындары ойнатылады. Вакцинация – пандемиямен күрестегі жалғыз, тиімді әдіс.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Марфуға СЕЙСЕНОВА, елорда тұрғыны:

– Өзім құрақ көрпе тігумен айналысамын. Жақында қолөнер шеберлерінің орталығы ашылады деп естідік. Бұл қазақтың ұлттық дәстүрінің жандануына жол ашылар еді. Осы туралы білім келеді.

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі, іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Бағила Бисембаева жауап береді:

– Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы сәні мен салтанаты жарасқан туристік брендті қалыптастыруда әлеуеті жоғары. Өңірде кәдесый бұйымдары өндірісінің болуы және қолөнер жәрмеңкелерінің өтуі туристік саланың дамуына оң ықпал етті. Қазіргі кезде

Нұр-Сұлтан қаласында елорда мәртебесіне сай келетін қолөнер шеберлерінің бірыңғай орталығы жоқ, қала көшелерінде, көпшілік жиналатын орындар мен саябақтарда шетелде жасалған кәдесыйлар сатылады. Елорда және көрші жатқан өңірлердегі шеберлердің басын қосатын қолөнер шеберлері орталығын ашуды ұсынамыз. Орталық отандық шеберлер өндіретін өнім сапасын арттыруға ықпал етеді және туристерді тартатын тағы әсем орынға айналады.



АСТАНА АУДАНЫ



Алматы аудан әкімі аппараты мемлекеттік органдардың, коммуналдық кәсіпорындарының, бау-бақша қоғамдары мен тұрғындарының, сондай-ақ бау-бақша қоғамдарында орналасқан үйлерді бұзумен айналысып жатқан құрылыс компания өкілдерінің қатысуымен жиналыс өткізді.

Жиналыс барысында өзекті мәселелер қарастырылып, нәтижесінде оларды бірлесіп шешу механизмдері қабылданды. Жалпы елордада ескі үйлер азайып барады. Өткен жылы апатты үйлерде тұратын 400 отбасы жаңа үйлерге

көшірілсе, биыл 257 отбасын жаңа пәтерлерге көшіру жоспарланып отыр. Тозығы жеткен үйлерді сырып, қажетті баспаналар тұрғызу «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр.



ӨҢІР ӨМІРІ

Атырауда баспасөз қызметкерлері мерекесі қарсаңында «Тауман Амандосов – журналист, педагог, ғалым» атты ғылыми іс-шара өтті. Жиын барысында ескерткіш орнату, Т.Амандосов көшесіне тақта ілу және көгалдандыру сынды мәселелер қозғалды.

Сонымен қатар республикалық Тауман Амандосов атындағы қаржылай сыйлықты қайтадан қолға алуға қатысты ұсыныстар айтылды. Биыл Қазақстан журналистикасының негізін

салуда және оның іргетасын қалыптастыруда өзіндік орны бар тұлғалардың бірі, профессор, Атырау облысының құрметті азаматы Тауман Амандосовтың туғанына 100 жыл толды.

2005

uaisova.a@mail.ru

Айгүл УАЙСОВА

Ел тәуелсіздігінің 14-жылында Қазақстанның ішкі экономикалық-әлеуметтік дамуы қарқынды қалыпқа түсіп, сыртқы сауда байланысы жаңадан бастады. Ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізудің нәтижесінде Қазақстан әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына еркін ене бастады. Бүкіл дүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша 2005 жылы Қазақстан кірсі орта деңгейдегі елдердің тобына кірді. Сыртқы елмен сауда-саттық қана емес, саяси ықпалдас-тық пен ынтымақтастық мәселелерінде де көпкедеттен қазақстандық дипломатия өзінің білгірлігін танытқан жылда қазақстандықтар Президентін сайлап, өз таңдауын жасады.

ХАЛЫҚ САНЫ АРТТЫ

2005 жылы халықтың табиғи өсімі (өлім-жітіммен салыстырғанда бала туудың көп болуы) 121 мың адамға жетті.

Қазақ ұлты заңды түрде көбейе бастады: 2005 жылы республикада оның үлесі 57 пайыз болса, 2010 жылы 63 пайызға жетті. Жыл басында елорданың 13 жасқа дейінгі балалардың саны 88,4 мыңға

жеткен, бұл дегеніміз – жалпы астаналықтардың 16,7 пайызы.

Ал өткен 2004 жылы Астанада 7972 сәби дүниеге келген, бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 1523 балаға көп болыпты. Сәбилердің 4076-сы ұл болып, 51,1 пайызды құраса, дүниеге келген 3896 қыз бала 48,9 пайызды құрады.



«НҰР АСТАНА» – ИМАН ОРДАСЫ

Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мерекесінде Есіл өзенінің сол жағалауында тағы бір еңселі ғимарат – Орталық мешіт пайдалануға беріліп, есігін айқара ашты.

Мешітті қасиетті Құран аяттарымен өрнектеуді осы салада тәжірибесі бар Ғазиз Ешкенов деген азамат жауапкершілігіне алған. Мешіт күмбездерін көтеріп тұрған құшақ жетпес 8 үлкен ұстандары мен қабырғалары, сәжде еткенде құбылаға бас қоятын михрабы және өзге де тиісті жерлерін нақшытауда қазақтың ұлттық дәстүрлі ою-өрнектері пайдаланылды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шешімімен ғибадатханаға «Нұр Астана орталық мешіті» деген ат берілді. Мешіт жобасын ливандық сәулетші Чарльз Хазифа жасаған.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мешітке 1994 жылы Саудияға барған алғашқы сапарында Король Фаһд бин Әбдел Әзиз ерекше құрметінің белгісі ретінде берген қасиетті мүбарак қағбаның киімі – қисуаның бір бөлігін және Меккеде ба-сылған Құран Кәрімді сыйға тартты.

«АСТАНАЛЫҚ ЦИРК» АШЫЛДЫ

2005 жылдың 14 желтоқсан күні елорда тұрғындарына «Астаналық цирк» есігін айқара ашты. Ашылу салтанатына Мемлекет басшысы қатысты.

Бірегей үлгідегі «ұшатын тәрелкенің» авторы – Төлген Әбділдә мен оның әріптестері. Ұқсастығы жоқ архитектуралық қиял, жоғары технологиялық жоба, ішкі құрылымдық эргономика, кеңейтілген инфрақұрылым, ал ең бастысы – цирктің барлық жанрын ұсынатын бағдарлама жасауға қабілетті жас, жаңа ұжым.

Цирктің жүрегі – арена. Оның диаметрі – 92 метр. Тостаған формасындағы темір

конструкцияда орналасқан аренаның диаметрі 13 метр әрі қазіргі заман цирк өнерінің талаптарына сәйкестендіріп жабдықталған. Цирк күмбезінің астындағы акробатикалық ушу жаттығулары үшін керек құрылыс, лазерлік шоу қондырғысы, мұзды айдынга айналатын манеж – трансформер. Сонымен қатар бұл жабын паркетке де айнала алады. Ал цирк қойылымын, концерт немесе би марафонын бір мезгілде 2 мыңдай адам көре алады.

Цирк ғимараты мен оның маңындағы аумақ 26,5 мың шаршы метрді алып жатыр.



2005

12 қаңтар – ҚР Президенті Н.Назарбаев Алматыда Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Президенті В.Путинмен кездесті.

18 қаңтар – Мәскеуде ҚР Президенті Н.Назарбаев және Ресей Президенті В.Путин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы» шартқа қол қойды.

2 ақпан – «Астана» әуежайының жаңа халықаралық терминалының ашылу салтанаты болды.

24 ақпан – «Астанабасжоспар» ардагерлерге, мүгедектер мен қарттарға арналған 410 орындық интернат үйінің жобалық жоспарын мақұлдады.

8 сәуір – астаналық шығармашылық жастардың «Жас бәйтерек» фестивалі басталды. Екі күнге созылған фестивальға он университеттен 60 талапкер қатысып, алты номинация бойынша бақ сынады.

15-17 сәуір – жас орындаушылардың «Жас қанат» XIV республикалық конкурсы өтті. Оған музыкалық білімі бар, басқа да түрлі конкурстардың лауреаттары атанған 13 үміткер қатысты.

1 мамыр – Нұрсұлтан Назарбаев Есілдің сол жағалауында бой көтерген «Нұрсыя» тұрғын үй кешенімен танысты.

10 маусым – Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионда Астана күніне арналған «Астана – менің шабытым» атты мерекелік қойылым мен «Тарих керуені» атты шеру өтті.

5 шілде – Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің 10-отырысы өтті. Отырыс барысында Пәкістанға, Иранға және Үндістанға ШЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесі берілді.

5 қыркүйек – Қазақстанда мұнайдың миллиардынаншы тоннасы өндірілді.

29 қыркүйек – Астанадағы Үкімет үйінің мәжіліс залында қазақтардың III дүниежүзілік құрылтайы салтанатты түрде ашылды.

11-12 қараша – Конгресс-холл сарайында «Ел басқарар ерің кім?» атты республикалық ақындар айтысы өтті.

14 желтоқсан – республикада бастау алған ауыл жылдары Астанада қорытындыланды.

РАЙЫМБЕК БАТЫР – ТҰҒЫРДА

Ел көлемінде Райымбек батырдың 300 жылдығы атап өтілді. Үкіметтің 21 маусымдағы қаулысымен мерейтойды өткізудің республикалық комиссия құрамы бекітіліп, өтетін шаралар белгіленді. Негізгі шаралар Алматы облысында тамыз айында өтті. Райымбек ауданының кіреберісінде Алматы-Кеген тасжолының бойында Райымбекке ескерткіш орнатылды. Астанада батыр атына көше мен мектептің аты берілді. Республикалық айтыс ұйымдастырылды.

САЙЛАУ ЕЛ СЕНІМІН КӨРСЕТТІ

Мемлекеттік институттарды және саяси тұрақтылықты нығайту бағытындағы аса маңызды кезеңнің бірі 2005 жылғы Президент сайлауы болды.

2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен Президент сайлауы – XXI ғасыр басындағы Қазақстанның ішкі саяси өмірінің аса маңызды оқиғасы. Бұл үшінші (Конституция қабылданғаннан кейінгі екінші) бүкілхалықтық сайлау еді. Сайлау тізімдеріне тіркелген 8,8 миллион сайлаушының шамамен 6,8 миллионы дауыс беруге қатысты. Олардың ішінде іс басындағы Президентке дауыс бергендердің саны – 6,1 миллион адам (91,2 пайыз).

АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ АМАЛЫ

Осы жылы Аралды қалпына келтіру жұмыстары басталды. 1980 жылдардың соңында суы қайтқан Арал теңізі екіге бөлініп, Үлкен Арал, Кіші Арал деп аталды.

Үлкен Аралды сақтап қалу үшін сәтсіз, тұзы көтеріліп, құмы суырылып, орны шөлге айналып, Аралқұм дейтін болды. Кіші Арал жобасын іске асыру үшін 86 миллион доллар ақша жұмсалып отыр. Оның 23 миллионы Қазақстан Үкіметінің ақшасы болса, қалған соманы республика Үкіметі Дүниежүзілік қайта құру банкінен алды. Осы жылғы тамыз айының басында Кіші Аралды Үлкен Аралдан бөліп тұратын бөген құрылысы аяқталды. Егер бұл жоба іске асып, әрі қарай дамыса, ол су деңгейін 4,5 метрге дейін көтереді, сосын Арал қаласына жақындайды. Осының нәтижесінде бұл өңірде балық пайда болады, балық аулайтын шаруашылықтар дүниеге келеді. Ал жалпы Аралды қалпына келтіру үшін біраз уақыт керек, көптеген жұмыс жасау қажет екені белгілі.



ЕЛОРДАНЫҢ ӘУЕ ҚАҚПАСЫ

2 ақпан, сәрсенбі күні Астана әуежайының жаңа халықаралық терминалының ашылу салтанаты болды. Бүгінде елорданың халықаралық әуе қақпасы Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу және Қиыр Шығыс өңірлерінің әуе қатынастарын тоғыстыратын маңызды торапқа айналды.

Қатынас қақпасы қай мемлекеттің болмасын қарымы мен қабырғалығын айқындайтын айна іспетті. Елбасы жаңа терминалдың ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде

осындай ойды сабақтады. «Тағы бір тарихи жағдайды атап өтейік деп отырмыз. Астана қаласының жаңа әуежайының терминалы іске қосылды. Әр уақытта әуежай, теміржол елге кіретін, ең алғаш аттап өтетін табалдырық болып табылады. Сондықтан ол табалдырық жайлы болуы тиіс» деді Президент.

Елордадағы есігін айқара ашқан жаңа аэровокзалдық кешеннің ішкі пішіні асқақтап тұрған шаңырақ түрінде кескінделіп, төңірегі қа-

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Осы жылдан бастап Елбасының бастамасы бойынша базалық зейнетақы төлемдері енгізілді. Бұл зейнет жасына жеткен барлық қазақстандықтар үшін зейнетақымен қамсыздандырудың бірінші, кепілдендірілген деңгейі болды.

Екінші деңгей – зейнетақы қорларынан алынатын төлемдер, сондай-ақ 1998 жылға дейін қызмет өтілі бар адамдарға бюджеттен берілетін зейнетақылар. Үшінші деңгей – ерікті жеке

және кәсіби зейнетақы аударымдарынан тұрады. Қазіргі уақытта Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейден тұратын көп деңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

Зейнетақының ең төменгі мөлшері жұмыс өтілі мен жалақысының көлемін есептегенде 9200 теңге болды. Зейнеткерлер орташа есеппен 12000 теңге алды. Студенттердің шәкіртақысы, бюджеттік саланың жалақысы өсті.

МЕРЕКЕЛІК ПОЙЫЗ ОРАЛДЫ



26 шілде түс ауа Астана қаласының теміржол вокзалына «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай соғыс және тылда еңбек еткен ардагерлерге көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған «Жеңіс» мерекелік пойызы келді. Сөйтіп, сәуірдің 26-сы Шу стансасынан өз сапарын бастаған оснауа қайырымдылық пойызы үш ай бойы республиканың жер-жерлерін аралап, Астанада соңғы аялдамасын жасады.

Аталмыш пойыз Астанаға келгенде теміржол вокзалының алдында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың мұрындық болуымен пойыздың осы кезге дейін болған түрлі стансалар мен разъездерде ұйымдастырылғандай,

мәдени шара өткізілді. Оған соғыс және тылда еңбек еткен ардагерлер мен қала жұртшылығы қатысып, мерекелік пойыздың құрамындағы теміржол компаниясы қызметкерлерімен бірге қайырымдылық шараға қатысқан Тараз қаласының «Мерей» тобы мен Астана қаласы мемлекеттік филармониясы әншілерінің өнерін тамашалады. Сонымен бірге ұйымдастырылған мәдени шарада жиналғандар алдында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың солтүстік аймақ бойынша өкілі Амангелді Қасымов, соғыс ардагері Қаматай Токабаев пен пойыздың жетекшісі Руслан Барбосов сөз сөйлеп, қайырымдылық шарасының маңызы жөнінде өз ойларын білдірді.



КАРАНТИН КҮШЕЙТИЛЕДІ

Ел аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысының 2021 жылғы 22 маусымдағы хаттамасының негізінде елорданың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова Нұр-Сұлтанда шектеу және карантиндік шараларды қатаңдату туралы қаулыға қол қойды.

Жаңа қаулыға сәйкес елордада коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуын болдырмауға бағытталған қосымша шектеу шаралары енгізілуде. Сонымен, сауда ойын-сауық орталықтарының апау ішіндегі жұмыс уақыты 10:00-17:00 аралығына белгіленді. Ал сенбі және жек-сенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады. СОО-да орналасқан азық-түлік өнімдері мен бірінші кезектегі қажетті заттарды сататын дәрханаларға, шағын маркеттерге, супермаркеттер мен гипермаркеттерге, COVID-19-ға қарсы жаппай вакцинациялау пункттеріне, «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік нысандарына бұл шектеу қолданылмайды.

ВАКЦИНА АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫ АРТТЫ

Соңғы тәулік ішінде коронавирусқа қарсы екпе алғысы келетіндер саны екі еседен астам өсті. Елорда тұрғындары коронавирусқа қарсы вакцина алу үшін БМСК мекемелерінде орналасқан егу пункттерінде, сондай-ақ Сауда ойын-сауық орталықтарының және қаланың сауда үйлерінде таңертеңнен бастап кезекте тұрды.



Мәселен, 25 маусымдағы мәлімет бойынша Нұр-Сұлтанда вакцинаның бірінші компонентін 195,7 мың адам алды. Ал бір тәулік ішінде вакцинацияланғандардың саны екі еседен астам өсті. «Біз отбасымызбен вак-

цинацияланғанмызға біраз уақыт болды. Вакцинация міндетті болуы керек деп есептейміз, әйтпесе пандемияны ешқашан жеңе алмаймыз. Сол себепті вакцина алудан қорықпауға және қайта өзін қорғауға шақырамыз. Кез

келген сауатты адам вакцина алуы керек, бұл адам денсаулығы мен өмірін сақтау үшін қажет. Вакцинация ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға және карантинге дейінгі қалыпты өмірге оралуға көмектеседі» деп атап өтті елорда тұрғындары. Қала тұрғындары арасында «Дельта» штаммы пайда болғаннан кейін вакцина алу шешімін қабылдағандары да бар. «Ауырып жұмысынан қалып, денсаулығына қауіп төндірді ешкім қаламайды. Қазір вирустың қауіпті жаңа штамдары пайда болды. Бұл вакцина оларды жеңуге көмектеседі. Ал жұқтырған жағдайда оңай өткеруге әсер етеді» дейді қала тұрғындары вакцинациялаудың маңыздылығын түсінген көпшілік қауым.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының айтуынша, Жер шарының барша тұрғындарының ішімдікке салығандарының көрсеткіші әр елдерде 2-10 пайызы аралығында екен.

uaisova.a@mail.ru
Айгүл УАЙСОВА

Еуразияда ресейліктер, Орталық Азия елдері арасында Қазақстан көш бастап тұр. Әйтсе де, әлемнің 41 елінде арақ ішуге тыйым салынған. Тіпті, мына көрші өзбектер арақ шығармайды, оны ішпейді, ішкені жақсылық көрмейді. Қытайлықтар да салауатты өмір салтына ден қойыпты. Мұндағы маскүнемдер арнайы емдеу орындарында тегін емделеді.

Бұл залалдың ақыры жақсы емес, жылына 2,5 млн адам жаман әдеттің құрбанына айналып, ажал құшады. Басқа, басқа «алкоголь» сөзінің арабтан енгенін білмеген екенмін. Алкоголь (араб. al-Kuhl – «суақ ұнтақ») деген мағына береді. Спирт өндіру біздің дәуірімізге дейінгі 6 ғасырда игерілті. Бергінде пайғамбарымыз тыйым салған себепті, иісі мұсылман баласы арақ ішуден бас тартқан. Тек ислам әлемі емес, Скандинавия елдері Исландия, Норвегия, Швеция үкіметі арнайы «Салауатты қала» бағдарлама жүзеге асырып, халқын арақтан азырт-

паудың жолын қарастыруда. Орыстармен бірдей ішіп, бірақ орыстардай іше алмайтынына көзі әлі жетпеген халықтың бірі қазақ болар. Арақтың азабын аз тартқан жерде. Қазірде қазақша неше түрлі әдемі атаумен ішімдік шығару дан алда келеміз. Бір жақсысы, ішімдікті шайқап ішіп, түбіне жете алмағандардың бүгінгі буыны, алды азамат болып қалған балалары ерікті түрде арақтан бас тартып келеді. Халал тойлар өткізіле бастағанын білеміз. Бірақ арақтан ада ел болуымыз екіталай-ау.

Есіме мына бір оқиға түсіп отыр. Осыдан біраз жыл бұрын Арқаның төрінде екі жастың бас қосқан үйлену тойы дүркіреп өтіп жатты. Халал той. Біршама уақыт өткенде, ішіп үйреніп қалған күйеу жігіттің әкесінің жолдастары отырған үстелден шу шықты. Біртіндеп үдеп барады. Алдарындағы «Сарыағаштың» бөтелкесі босаған сайын, қонақтардың көңіл-күйлері де көтеріліп, әдеппен ән салып, тамаданы тындап отырғандардың назарын өзіне аударды. Үзілісте де бір шайқап, тойдың «шырай-

ын» шығарғандар солар болды. Масқара болғанда, ниеттері аяқ асты болған күйеу мен қалыңдық қарсылық көрсетіп, тойдың біткенін күтпей кетіп қалды. Екі оттың ортасында басын ұстап әкесі қалды. Ешкімнің басына бермесін. Айтпағым, онтүстікте халал тойдың қағидастарын көпшілік сақтай алса да, солтүстікте сол мәдениет жетпей жатқандай. Әйтпесе, біреудің қуанышын

осылайша арақпен шайып жіберер ме еді?!
Адамшылықтан бездіретін – осы алкоголь. Үлкен той, кішігірім жиын-тойлардың неге ішімдіксіз өтпейтінін ақтауға болады. Өйткені адамның буын-буынын босатып, арқасын кең салып есіртіп те жіберетін арақтың орнын басатын, оған қарсы қоятын көңіл серпіткер амалымыз жоқ. Шағын босқос-ларда өзімізді қалай ұстаудың,

қалай сөз саптап, қалай қолпаштап, ортаны қыздыратын мәдениеттің үлгісі не дәстүр жоқ. Сәні жалғыз ішімдіктен келетін болған соң, қоңылтақсып отырған қонақты риза ету үшін алдына арақ қояды. Үй иелерінің отырыстың жақсы өтуіне басы да қатпайды, алдына арақ қойды, екі қолынды бос қойды деген – осы. Жүз грамм жұтып алғанның шаруасы сонымен бітсе жақсы ғой. Мәселе – арақ



АТАДАН ҚАЛҒАН АС ЕМЕС

ішуді білмейтінімізде. Ішкен соң өзгелердің мазасын алып, отырыстың шырыңы бұзады. Өкінішке қарай, тұрмыстағы отбасы, ошақ қасындағы арақтың аты озып, өзге дес бермей тұрғанының бір себебі – осы. Қымыз арақ қалыптастырған әдетті өзгертуге қауқарсыз қалып отыр. Енді не істейміз? Дінмен «дуалап» тастаған жақсы әріне, бірақ бұл да араққа тежеу емес. Жаманы, түсінбегендер мұсылманның бұл қасиетін кемелдік емес, кемдік деп қарайды да, арақ ішкеннің асығы алшысын түсіп отыр. 21 жасқа толғандарға ғана сатылатын болса да, арақ-темекі дүкендері мектеп, оқу орындарының іргесінде орналасқан. Көзі үйренген соң, біртіндеп қолы да жетеді, қол жеткен соң өзегіне де түседі. Өшкерелеп, оның жолын кеспеген соң ішімдік ішу де таңдаулылардың ермегінде, ақырындап қайтадан сөнге айналып барады. Қазіргі қоғамда түсініксіз жағдай қалыптасуда. Бұрынғыдай іш деп аузына арақ құйып жатқан да ешкім жоқ. Сонда да арақтың жаман екенін айтып, оған теріс көзқарас қалыптастырып жатқандар да аз. Аздап ұрттап алып, ішкілікке салынуудың алдындағы алаң көңіл болып жүргендердің арашалап алудың жолдары жоқ. Сен тимесен, мен тимеймін бадырақ көз

деген ұстанымен, арақ шығарушылар арағын шығарып, ішкісі келгендер арағын ішіп жүр. Арақтың құрбанына айналғандар мен қылмыс жасағандардың қылығын бетке басып, ол туралы тіс жарып айта бермейміз. Осының бірі болмаған соң «алқаш» емеспін деп өзін-өзі алдап жүріп, ақырында құлқынның құлы болып құрдымға кетіп қалғанын білмей қалып жатады. Осы жолда қоғамның қолын созағын, көмек беріп ішімдікке салыну белгілерін аурудың оның ішінде жаман кесел екенін танығанымыз дәуір болар. Ішкіштерден теріс айналып, оларды емдеудің жолын қарастыру қажеттілік. Тімді емдеу жолдары бар болса, ондай орындарды насихаттап, халыққа қолжетімді ету керек. Ауыздары құрғамайтын маскүнемдікті тұрмыстық маскүнемдіктен ажырата біліп, алдын алуға талпынған жөн. Өзі қойып кетеді деген нәрсе бұл дертке дауа емес. Егер маскүнемдіктен күресте әлеуметтік ықпал ету шаралары жеткілікті болса, халал тойларымызды, басқосу-жиындарымызды ішімдіксіз де өткізе алатын болсақ, сонда жеңіске жетеді. Мұның бәрі мәдени деңгейімізге әсер етіп, адамға қамқорлық пен сүйіспеншілікке құрылады. Әйтпесе, арақ ішкеннің азатынын мен айтап-ақ, өздеріңіз де жақсы білесіздер.

ЕКПЕ РЕЙТИНГІНДЕ ЕКПІН БАР

Қазақстан вакцинациялау бойынша әлемдік рейтингте бұған дейінгі 60-орыннан 42-орынға көтерілді. Қазір елде екпенің бірінші компонентін алғандардың саны 3 миллионға жуықтады. Әріне, бұл төрт айлық көрсеткіш кешегі бір тәулікте 1 млн адамды екпе салдырған жапондықтардың вакцинациялау есебінің көлеңкесінде қалады.

ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

Сондықтан қазір Қазақстанда елді екепеге шақырудың түрлі тәсілдері қарастырылып жатыр. Жер-жерде ұтыс ойындары өткізіліп, оған тұрмысқа қажетті электронды заттардан бастап, көлік, пәтерге дейін қойылууда. Бірақ адамдардың сыйлыққа бола бұлай елігі, егу бөлмелеріне жүгіргеннен гөрі вакцинацияның бірінші кезекте өздері және індетті жеңу үшін керек екенін ұққаны маңыздырақ. Қалай десек те, бұл – халықтың неғұрлым көп бөлігі вакцина алып, күзге дейін ұжымдық иммунитет қалыптасса деген ізгі ойдың жемісі.

Коронавирустың алғашқы түрінің өзінде қауіпті аймақтан шыға алмаған елорданың енді «дельта» штамман кейін «қызыл» түсі өзгерте қояры күмәнді. Себебі денсаулық сақтау саласындағыларға жақындап кетсең болды, үнді штаммы туралы үрейлендіре сөйлейді. Журналистерді төл мерекесімен құттықтаған Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Муратовтан марапат кезінде де осы жайында сұрап қалуға тырыстық. – Вирус та – тірі ағза, сондықтан ол да көбейгісі келеді. Ол неғұрлым жиі жұға бастағанда мутацияға ұшырайды. Үндістаннан «дельта» штаммының шығуы тегіннен тегін емес. Себебі халқы өте тығыз болғандықтан, бір-біріне көп жұқтырады. Жұзу жиілеп кеткенде аурудың жаңа штаммы пайда болады. Бұрынғы штам екі аптада асқынса, бұл 7 күн ішінде өршиді. Сондықтан кез келген жағдайға дайын болу үшін стационарлық деңгейдегі емдеу қызметін қазірден жан-жақты дайындап, төсек-орын санын көбейтуге күш салып жатырмыз. Ертең «Рамада плаза» қонақ үйін осы мақсатта іске қосатын боламыз. Сальвистрмалы түрде айтсақ, ауру көрсеткіші бойынша биылғы сәуір мен мамыр айындағы жағдай былтырғы маусым мен шілде айындағы ахуалмен бірдей болды. – дейді Т.Муратов.

«ДЕЛЬТАҒА» ҚАРСЫ ТҰРАРЫ ҚАЙСЫ?

Вирустың жаңа штаммының «үнді» деп аталуына Үндістан халқы реніш білдіріп, «дельта» деген ғылыми атауын қалдыруын сұрапты. Не деп атаса да, қазір әлемге қауіп төндіріп тұрған бұл нұсқа 80-нен астам елге тарап кетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, екпелердің барлығы «дельта» штаммына қарсы тұра алады. Ол үшін вакцинаның толық курсың қабылдау қажет. Ұйымның аурулардың алдын алу және бақылау орталығының дерегінше, бұл штамм қазір АҚШ-та анықталып жатқан жұқтыру оқиғаларының 10%-ын құрайды, өткен аптада бұл көрсеткіш 6% болған. SureVax неміс компаниясы коронавирусқа қарсы вакцинасын клиникалық сынақтан өткізгенде оған 40 000 адам қатысып, сынақ нәтижесінде вакцина 47% ғана тиімділік көрсеткен. Англияның Қоғамдық денсаулық сақтау

шаққанда, бұл – ел азаматтарының тек 15%-ы ғана. Көшбасшылар үштігінде АҚШ та бар. Бұл елде вакцина алғандар саны 150 миллионнан асады. Үшінші орында Үндістан тұр. Бұл мемлекетте 51 миллионнан астам азамат немесе халықтың 3,7%-ы екпе алған.

ЕЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ ЕКІПЕ АЛУЫ ЖІЛЕДІ

Мамандардың айтуынша, өткен аптамен салыстырғанда тәулігіне вакцина алып жатқандар көрсеткіші екі есе артты. Себебі «дельта» штаммы пайда болғаннан кейін халықтың көпшілігі денсаулығына асқан жауапкершілікпен қарай бастаған. Вакцинаның алғашқы дозасын 190,5 мыңнан астам азамат алды. Бұған соңғы кезде азаматтарды екпе алуға ынталандыратын ұтыс ойындарының жиі өткізілуі де ықпал етуде.

«Вакцинация пункттерінде екпе алғысы келетіндердің саны артып келе жатыр. Мәселен, «Еуразия» сауда үйінде бұрын күніне 50-60 адам егілсе, кеше шамамен 100 адам қабылдадық. Сондай-ақ емханаларымызда да вакцинацияның өсуі байқалады, кеше кешке 50-ден астам адам егілді. Ал өткен тәулікте вакциналанғандардың саны 100-ге дейін өсті. Қала тұрғындарының жаңа штамды жұқтырмаудың жолын іздеп, денсаулығына жауапкершілікпен қарай бастағаны бізді қатты қуантады» дейді қалалық №6 емхананың директоры Динара Байсеркина.

«ДЕЛЬТАҒА» ҚАРСЫ ТҰРАРЫ ҚАЙСЫ?

Вирустың жаңа штаммының «үнді» деп аталуына Үндістан халқы реніш білдіріп, «дельта» деген ғылыми атауын қалдыруын сұрапты. Не деп атаса да, қазір әлемге қауіп төндіріп тұрған бұл нұсқа 80-нен астам елге тарап кетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, екпелердің барлығы «дельта» штаммына қарсы тұра алады. Ол үшін вакцинаның толық курсың қабылдау қажет. Ұйымның аурулардың алдын алу және бақылау орталығының дерегінше, бұл штамм қазір АҚШ-та анықталып жатқан жұқтыру оқиғаларының 10%-ын құрайды, өткен аптада бұл көрсеткіш 6% болған. SureVax неміс компаниясы коронавирусқа қарсы вакцинасын клиникалық сынақтан өткізгенде оған 40 000 адам қатысып, сынақ нәтижесінде вакцина 47% ғана тиімділік көрсеткен. Англияның Қоғамдық денсаулық сақтау

қызметі де тауды нәтижелеріне сәйкес. Pfizer-BioNTech немесе AstraZeneca вакциналарының екі дозасы Дельта штаммына қарсы жоғары тиімділігін көрсеткені мәлімдеді.

Ал 23 маусымда өткен шарада журналистердің отандық және ресейлік екпелердің осы штамға қарсы тиімділігі туралы сауална Алматы қаласының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин: «Біздің құрастырушылардың айтуынша, QazVac және «Спутник V» Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша барлық белгілі штамман, соның ішінде дельта штаммын қорғайды» деп жауап берді. Оның бұл сөзін Ресейдегі Гамалея орталығының директоры Александр Гинцбург те құптап: «Спутник V» вакцинасы дельта штамман қорғауға қабілетті, – деп мәлімдеді.

БАЛАЛАРҒА ВАКЦИНА САЛУҒА РҰҚСАТ БЕРДІ

Бұған дейін балаларға екпе салуға қатысты жеткілікті деректер жоқтығын айтып келген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы алғаш рет оларды да коронавирусқа қарсы вакцинациялауға рұқсат етті. Негізгі балалар мен жасөспірімдер COVID-19 вирусын ескерткеге қарағанда жеңіл түрде есеретіні белгілі. Сондықтан дерттің ауыр түріне шалдықпаған болса, балаларды да ерте жастағы, созылмалы аурулары бар адамдарға және денсаулық сақтау қызметкерлеріне қарағанда желел түрде вакцинациялау керектігі айтылды. Жалпы балаларға екпе салу мәселесі бірқатар елдерде жиі қозғала бастады. Мәселен, Ресейде жақында 12-17 жас аралығындағы шамамен 300 бала мен жасөспірім коронавирусқа қарсы «Спутник V» вакцинасының клиникалық зерттеулеріне қатысады. Әр жасқа препараттың белгілі бір концентрациясы таңдалады. Гамалея атындағы орталықтың директоры Александр Гинцбургтің айтуынша, балаларға жасалатын зерттеулердің ерекшелігі жасалған клиникалық зерттеулерден көп айырмашылығы жоқ, тек бұл жағдайда «Спутник V» вакцинасының концентрациясы әр жасқа әртүрлі белгіленеді. Препаратты шамамен 20 қыркүйекке тіркеу жоспарланып отыр. Мәскеу қаласы мәрнінің әлеуметтік даму мәселелері бойынша орынбасары Анастасия Ракованың мәліметінше, жасөспірімдер арасында «Спутник V» вакцинасын сынау шілде айының басында басталмақ.



6

РУХАНИЯТ

№974 (4198) 26/06/2021 Сенбі



Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА:

КІСІЛІК пен МЕЙІРІМДІ САҒЫНАМЫН

ұлттың айбары кіріп келе жататын. Шын батырлығы оның келбетінде, мінезінде, бітім-қимылында тұратын. Ол сөйлегенде ұсақ сөз сөйлемес еді, ешкімге бұрылмас еді, шындықты айтқанда алдында кім болса да жалтақтамас еді, көрген шындығын тура айтар еді. Біз соларды көре қалдық қой. Енді біз де азайдық. «Өзі білгіш» ұрпақтың басқа жаққа кетіп бара жатқаны ойландырады.

– **Өзіңіз өлеңге алғаш келген кезде ағалық қамқорлық көрдіңіз бе?**
– Ол кездің мейірімі айта қаларлық аңыз сияқты. Алғашқы өлеңдерімді оқып, жаңа жылдық «Қазақ әдебиетіне» жариялаған Ғафу Қайырбеков ағамыз. Поэзия бөлімін басқаратын. Өлеңім жарияланғанын білмеймін де. «Өлең жырдың аппақ даласына ақ қояндай талант иесі аяқ басты» депті алғы сөзінде. Сөйтіп үміт артқан ағаның ана сөзінен кейін аппақ далаға қара бояу жағып көр, ағамыз солай бір сөйлеммен үлкен жауапкершілік артты. Содан кейін нашар өлеңді жазбай, жарияламай-ақ қою керек деген ой келді. Міне, сондай мейірімді Ғафу Қайырбековтен өзім көрдім. Одан кейін «Қайда жүр бұл қазақтың ақын қызы?» Нәзік лирик еді» деп, тұрмысқа шығып алысқа

сөзді де, әдебиетті де, сюжетті де солай, басқа бір елдің кейіпкерін, бөтеннің өнегесін қазақ әдебиетіне кіргізіп жаңалық іздегендер осындай бағытқа кетті. Қай кезде де әр ұлттың өз ерекшелігі болмағанда ол қойырпақтан құралады, мүмкін, бір кино, драматургия не повесть «осы күннің тақырыбы екен, керемет екен» деген баға алар, бірақ оған даланың келбеті, жусанның иісі, төрдегі қара шалы, ананың мейірімі мен сағыншы араласпаса ұлттық әдебиет болмайды. Абайды аударуға да келе алмай тұрмыз, оны ұлттық тамырда өскендер ғана аудару керек. Біздің әдебиеттің әлемге кіре алмай тұрғаны сол деп ойлаймын.

– **Есенғали ақын соңғы жылдары Орал жаққа жиі барып жүретін, апалы-інілі болып сыйластыңыздар. Ақын қайтыс болғанда әлеуметтік желіден: «Есенғали қарапайым ақын болмай, әкім болғанда ауруханада оған басқаша қарар еді» деген сыңайдағы пікіріңізді оқыдым. Бұл жазмыш десек те, күйіңіңізді байқалды...**

– Ақынның өмірден кетуі – мен үшін орны толмайтын өкініш. Мысалы, Қадыр Мырзалиевтің кетуі, Әбіш Кекілбаевтың, Фаризаның, кешегі Есенғалидың, Қабдештің кетуі... Адам өзінің асыл түймесін жоғалтса да іші удай ашымай ма, біз бүгін ұлттың «асыл түймелерін» жоғалттық. Өмір заңы десек те... олар тек бір әдебиеттің өкілі, бірнеше кітаптың авторы емес еді. Ұлттың ары еді. Есенғали қарапайым ғой, дәрігерлер оған қарамады... Есенғалидың кетуі – қоғамдағы ақынға деген көзқарастың айқын көрінісі. Егер әкім ауырып қалса, ол жерде дәрігерлерден күзет тұрар еді, жалма-жан жиналып, қарап, бір-біріне табыстап... Ал Есенғалиды оқымағандар оның ақын екенін, не айтқанын білмейді, мен соған қатты өкінімдімін... Оның бір шумағының өзі байлық еді ғой! Біз ақынды өлең оқымаудың кесірінен өлтіріп алған сияқтымыз. Орны толмайтын қаза... Енді оны шығарып салу мәселесі бар емес пе, басқа жерге жиығы баруға қорықпағандар Есенғалиды шығарып салуға бару керек еді, Есенғалиды қалай дегенде де үлкен бір орыннан, театрдан ба шығарып, күрпініп жіктеу керек еді, ол осы ұрпақтың есіңде қалуы керек еді, халық кімін жоғалтқанын сезінуі керек еді. Біз өлімнің бәрін тегістеп, өлімнің бәрін бір деңгейге қойып тастадық, бізге қазір жақсы көрген күштің өлімі, ақынның өлімі, бәрі бір түкке тұрмайтын нәрсе сияқты көрініп, адамзатты соған көңілдіуге үйретіп жатыр, бара-бара жоқтамауға үйренеміз. Осылай қадірлеу, қастерлеу деген сөзді ұмытады жұрт. «Е, өліпті ғой, көміпті ғой» деп жүре береді. Бұлай болмау керек, біз адамның. Өзі ақынның денесін өртегеннің өзінде жоқтап тұрып өртеп, күрпініп көму керек. Ақынның, батырның жоқтамаған ел – ел болмайды.

– **Соңғы кездегі жағдай ақын-жазушыларға қалай әсер етіп жатыр деп ойлайсыз?**

– Ақын-жазушының шығармашылығына әсері мынада – қазір үрей бар, үрей туған жерде қажырлы сөздер айтаын десең де оны ұғатын жан аз. Одан бөлек, қазір аристотель деген термин бар. Адамзат азын кезде өзінен ақылы адамды жек көреді. Қазір бір адам дұрыс сөз айтса: «мынау дұрыс айтты» демеіміз, қоғамда осындай ауру жүріп жатыр. «Мен өзім білемін» деген билістің төрге шыққан кезеңі болып тұр.

Қазақ сөзін оқымағандықтан, тілін білмегендіктен «құл жиналып бас болмас, құм жиналып тас болмас» деген қарапайым сөзді түсінетін адам азайды, әрбір құм түйіршігі «мен асыл тас болсам» дейді, осының барлығын, тойымсыздықты, қанағатсыздықты жанарумен қосып қабылдап алдық та, табиғи тепе-теңдікті бұздық.

– **Менің редакциядағы Әріпестерім: «ақыннан Төлеген Айбергеновтің «Көк қаршыға» өлеңінің тарихын сұраарсың» деп тапсырған еді. Енді осы туралы айтып берсеңіз.**

– Біз де жас болдық, бұрымды өрген, ақ көйлек киген қыздар едік. Ұлттың қызының намысын ұстаймыз деп тыраштанып өстік. Алматының студенттер ортасында ақын қыз ретінде танылып жүрген кезім. Жиын-тойларда шумақ өлеңдермен қағып тастайтынбыз. Институтты бітіре кез, Қаскелеңдегі Абай атындағы мектепке барып практика өтіп жатырмыз, сол кезде Төшкен айналып, Қарақалпақстаннан сағыныш өлеңдерін жазып, «Елім, қайдасың, сағындым Қазақстанды» деп Төлеген Айбергенов деген ақын келді. Ол ақын Алматыдан пәтер таппай, арзан әрі қазақтар тұрады деп бала-шағасымен Қаскелеңге келеді. Студенттер өлеңге құштар, ақынның өлеңін жаттайды. Оқырман Төлегенге бірден елең ете қалды. «Қасымнан кейін мынадай ақын келді» десті. Лапылдаған от ақын, жалыны ішіне сыймайды, көшеде кетіп бара жатсақ, тасқа шығып өлең оқып тұр екен. Су та-сығанда келген үлкен көй тастар болатын, соның үстіне шығып алған. Қасында студенттер. Біз қыздар топ болып өтіп барамыз, «қыздар, өлең тыңдаңдар, келіңдер» десе, біз бұрылмаймыз. Өлеңімді тыңдамай кетті деп намысына тиген ғой, біреулер «ортада кетіп бара жатқан шашы ұзын қыз өлең жазды, ЖЕНІІ-де оқиды» деген, келесі аптада концерт дайындап жатсақ, шашы бұйра, арық, Ташкенттің күніне күйген қара жігіт келіп тұр, мен де өлең оқын десін:

*Сен маған душар болдың,
батқанда бақтап сырға,
Мен саған сусар болдым,
қатқанда қақптар шыңға,
Деміме мынау алқыған,
сен енді топқарсың ба,
Оралып кеттің алдыман,
Оралдан ұшқан көк қаршыға.
Жүрсің сен жанарымда,
жолы боп басқа өлеңнің,
Тастары табанында, жарқылдап
Қаскелеңде.*

*Мен сені көп іздегем, энді арман,
ариялы арман,
Сабылып шартаратпан, бұран бел дариялардан... – деп жаңағы өлеңді құйсын. Қыздар шу ете қалды, «мынау өлең саған арналған, жауап бер, түрі» деп. Қағынып тұрған кезімді, үндемей кететін мен емес, ондай мінезім жоқ, асау кезім, шықтым да оқыдым:*

*Жырғың қанбайтынмын,
ауатын назарым көп,
Мен сені ойлайтынмын,
жастықтың базары деп.
Мен сені ойлайтынмын,
таусыылмас жыр-ән ғой деп,
Төменге қонбайтұғын тақпақтар
қыран ғой деп.
Жалынның барлығына күймес
деп ойлайтынмын деп,
Саусағы әр бұрымыңа тимес деп
ойлайтынмын...*

*Алматың жүзі деп ем, ақынның
өткірлігі,
Қыз көрсе қызығатын, болдың
ба көптің бірі? – деп салдым ғой,
экспромт өлеңге студенттер шу-шу етті.*

Бұл жерде сырттан тон пішіп ғашық болыпты деу артық, ол кезде оның жары, балалары бар. Кейін Қарақалпақстанға кетіп бара жатқан соңғы сапарында көрдім, «Қазақ әдебиетінде» отырған кезімде сол бөлмеге келіп, перзентханадағы Үрнисамен біздің телефоннан сөйлесті. Егіз қызы дүниеге келді, егіз қызын, өкінішке қарай, Төлеген көрген жоқ. Отыз-ақ жаста еді, Қарақалпақстанға сапарынан оралады, отыздағы жігіт неге қайтыс болады, неге тез кетті – мен үшін жұмбақ. Лапылдап жанған ерекше талант еді... Қанша ақын Айбергенов стилінде өлең жазды. Кейін барып ағаларымыз да жарқ еткен найзағайдай із тастап кеткен ақыннан айырылып қалғанын бір-ақ білді, аянышты тағдыр...

– **Рахымжан ағамыздың «Американың ұлттық байлығы» деген өзгімесінде кейіпкердің: «Шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын, мен сонда Қазақстанның кімімін?» деп мұңаяты бар еді. Қалай болғанда да руханияттан алыстаған елдің ұлттық байлық туралы түсінігі де өзгерері анық. Осыған қатысты не дейсіз? Біз прагматик ұлтқа айналып барамыз ба, әлде...**

– Менің ұғымымда ақын-жазушы, өнер адамдары – ұлттың байлығы. Сәнді сарай салдырып беріп, ішіне көргенсіз бала кіргізсең, ол оның бәрін сындырып тастайды, керемет бақша сал, көргенсіз бала оны таппап тастайды, содан сақтану үшін рухани байлық пен оны жасайтын ақын, жазушы, суретші, музыкант керек. Ұлттың осы байлығына біз қалай қарап отырмыз? Ақынды ақшалайлар той өткізуді деп, жазушыны жұмсап ақша беріп баяндама жазатын адамдар деп қабылдайды. Олардан тым болмаса өзіміз оқымаған кітап туралы сұрайық демеіміз болды. Глобализм қолғабы 55 миллион теңгеге сатылды, ал ақын мен жазушының кітабы өтпейді, сөзі құнсыз. Құндылықтардың осынша өзгергенінен бас айналады. Рухани түсінігіміз төмендеп кетті, бұрын тап осындай емес еді. Өнер мен талантқа деген көзқарасымыз төмендігі қоғамның өзінің өресінің төмендеуіне әкелді. Театрды салтанатты қылып тұрғызығанмен, оған барып жатқандар аз. Бұл шыныда ұлттымыз бұдан қиын кезде де руханиятын, өз болмысын жоғалтпаған. Біз жалаңақша табанымызбен жерді басқан, дала өзегіне жыныған дала-ның ұрпағы – даланың отан екенін сезініп өскен ұрпақ едік, соғыстан кейін аштық, жоқтық, қиындық көріп отырғанның өзінде ата-бабаларымыз рухани дүниені жоғалтпап еді. Оны ана тілімен, ауыз әдебиетімен, батырлар жырымен екеді. Біз оның бәрін тәрк етіп, табиғатқа қарсы шыға бастадық, қыздарымыз бала тұмайтын дегенді айтты отыр, осыдан келіп табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдік бұзылды. Табиғат пен үндістік бұзылған кезде бәрі бұзылды. Оның бұзылуы мейірімнің азаюынан көрінеді, айтшы, қай кезде анасы баласын қоқысқа лақтырды ғой? Біз баласын жекілесінен тістеп жүріп жүрген мысықты, баланың қорғап жүрген қарлығашты көрдік қой, осы болып жатқанның бәрі – Тәңірдің құдіреті, табиғаттың иі, мейлі біреу ойлап шығарды десек те, адамдар пейілінен тауып жатқан нәрсе. Адам адамға мейіріленіп бұрылса, бұл қатардан де өтерміз деп ойлаймын...

Сұхбаттасқан Жадры ШАМУРАТОВА

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың және халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВАНЫ «Астана ақшамының» оқырмандарына таныстырып жату артық. Кезінде Әбіш ағамыз ақын қарындасы туралы «Ақұштап Бақтыгереева әйелдерді емес, әйелдікті жырлайды. Әйелдерді емес, әйелдікті қорғайды. Сол үшін де әйелді әйел етіп тұрған ең басты қасиет нәзіктікті дәріптейді» деп баға берген екен. Осы бір ауыз сөзге ақынның поэзиядағы орны, бітім-болмысы, осы кезге дейінгі еңбегі сыяды. «Мен жүрмін өлең жазып, Жұбан аға, бұл күнде немеремнің жөргегіне» деп жазғанындай, өлеңінде де, көпшілік алдында тарқатқан пікір-көзқарастарында да бесік пен жөргеқ, қазақ қызының қасиеті жайында көп айтатын ақын бізбен өзгімесінде де өз жүрегінен өткен көп ойдың бір тармағын, көп сырдың бір үзгігін ағытты, дүниеден көшкен қаламдас ағалары туралы жылы естеліктер айтты, солардан көрген кісілік пен мейірімге шөлдейтінін жасырмады. Сонымен, ақын көзімен қарағанда, бүгінгінің бейнесі қандай?

– Екі жылдан бері елордаға келіп тұрғаным осы дедім. Жастығыңыз Алматыда өтті, соңғы жылдары Оралдасы. Пандемия, жалпы соңғы кездері болып жатқан оқиғалар шығармашылық адамдардың көңіл күйіне әсер етіп жатқанын сөзсіз. Оның үстіне, ақынның ой кешпеуі мүмкін емес. Кейде ойыңызға не оралады, қандай күй билейді, әлдебір шақтарды, болмаса әлдекімдерді сағынасyz ба?

– Әр ғасыр өз ерекшелігімен қымбат, әр ғасыр жаңалық әкеледі, бірақ өткеннің қасиеттісін ұмытуға болмайды. Ол – бір ұлтыңның мейірімі мен ананың асыл қасиеті сияқты, бабалар өсиеті сияқты нәрсе. Мен кісілікті, мейірімді сағынамын.

– **Мысалы...**

– Мысалы, біз Әбу Сәрсенбаев деген ақсақалды көрдік. Қазақтың талантты баласын көрсете жетектеп үйіне алып келеді. Ол қайдан келді, көшеде жүр ме, жағдайы жоқ па, оның талантты көрсө болды, жүрегі соған жылды да, үйіне алып кетеді. Ол сол кезде Темірхан Мәдетбековті көрді ме: «мынау деген талантты бала» деп бүкіл редакцияға апарып таныстырып жүреді жетектеп. Шаршамайды, сол кезде шашы ақ бурыл, үлкен кісі. «Аша бұлт» деген кітабы үшін көпшілік

оны ақша бұлтқа теңейтін. Сайын Мұратбековті көрді ме: «мынадай талантты бала келді әдебиетке» деп жетектеп үйіне апарды, қондырады, тамақтандырады, редакцияларға апарды. Ол аяғы ақап қалған, киіз үйден еңбектеп шығып өлең оқыған Қанипа Бұғыбаеваны көріп: «айналайын» деп әкеліп, госпитальға емдетіп, тұрмысқа ұзатып, өлеңмен, бөпесімен жетектеп редакцияда жүретін. Соғыста қалған солдаттардың өлеңін жинайтын, оның үйінде Абдолла Жұмағалиевтің, Қасым Аман-жолвань суреттері болу керек, әлі қызы күзетіп отыр. Сондай әулиедей қасиетті адамды көрдік. Қазір бар ма сондай адам? Ондай болғанды қазір мазалқ етеді, өйткені ондай мейірімнен бөзіп кеткен. Мариям Хакімжанова деген әйелді көрдік. Не деген ана! Не деген келбет! Не деген ұстамдылық! Сөйтсек, теңі бар дейді екен ғой ондайды. Ыбырай Алтынсариннің теңі екен. Міне, ол кісі қуғын көрсө де өзгермеген, аптықпаған, айдалса да, қасірет шексе де сол ұлттың, сол кездегі адамдардың тілеуін тілеп отыратын өте парасатты адам еді. Бауыржан Момышұлын көрдік. Ол Жаушылар одағына кіріп келе жатқанда ерлік кіріп келе жататын. Жиналысқа кіріп келе жатқанда

кетіп қалғанында, Әдірашит Ахметов деген аудармашы ағам хат жазды: «Ұлдарым бар, сендей қызым болса ғой деп армандаймын» деп жазыпты. Иманды болсын. Жерлесім емес, рұласым емес осы кісілер.

– **Әдетте алдыңғы буын кейінгі буынның көзқарастарын қабылдамай жатады ғой, жанаша қалып тапқан бүгінгі әдебиетті жатырқайсыз ба?**

– Жанашылдыққа қарсылығым жоқ, жақсы келе жатқан жастар үшін қуанамын. Бірақ әдебиетті дамыту үшін оның ұлттық өзегін алыстамау керек, бүгінгі ұйықсы жоқ өлеңді керемет деп есептейді, шетелдің әдебиетінен тауып алған мазалқ етеді, өйткені ондай мейірімнен бөзіп кеткен. Мариям Хакімжанова деген әйелді көрдік. Не деген ана! Не деген келбет! Не деген ұстамдылық! Сөйтсек, теңі бар дейді екен ғой ондайды. Ыбырай Алтынсариннің теңі екен. Міне, ол кісі қуғын көрсө де өзгермеген, аптықпаған, айдалса да, қасірет шексе де сол ұлттың, сол кездегі адамдардың тілеуін тілеп отыратын өте парасатты адам еді. Бауыржан Момышұлын көрдік. Ол Жаушылар одағына кіріп келе жатқанда ерлік кіріп келе жататын. Жиналысқа кіріп келе жатқанда

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ ҰШАН-ТЕҢІЗ

Биыл елімізде алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң негізінде 20-дан астам мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Осылайша талай жыл ұрпақ тәрбиелеген ұстаздар қауымы 2,5 миллион теңгеден бір реттік сыйақы алды.

karzynkitem@gmail.com
Көктем ҚАРҚЫН

№9 «Зерде» мамандандырылған мектебінің география пәні мұғалімі, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлназия Байұлова да алдыңғы қатардан көрінген ұстаздардың бірі.

Гүлназия Сабырқызы қойнауы кенге бай Қарағанды облысы Байқоңыр кеңшарында дүниеге келді. Отбасындағы 8 баланың үлкені. Әкесі Сабыр ақсақал – саналы ғұмырын совхоздың бухгалтерлік қыз-

деріме еліктеп ұстаздық мандықты таңдады. Сабақ берген көзі тірі ұстаздарыма осы сәтті пайдаланып, біздің біліміміз бен тәрбиемізге қосқан үлестері үшін алғыс айтамын. Әсіресе, оқыған мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген және оқу ісінің меңгерушісі болған еліміздегі ағарту ісінің үздігі Әлирахман Станқұлов мұғалімінің орны ерекше еді. Ұстазымнан бойынан ұқыптылықты, еңбекқорлықты, жауапкершілікті көрдім. Мұғалім болып жүргенімде, сабағыма кірген уақытта алдымен бақылаған жетістігін айтатын, соңынан кемшіл тұстары болса, мынаны былай жасаған дұрыс болар еді деп үйреткені әлі есімде. Жақында осы мамыр айында 92 жастағы ұстазыма барып амандасып, еңбектегі жетістіктеріміз атап өтіп, рақметімізді айттым. «Ой, тамаша болған екен, саған сеніп едім, менің шәкіртімің

ғой» деп бір марқайып, қуанып, батасын берді, – дейді ол.

Иә, Гүлназия Байұлова да мұғалімдерінің қадірі мен еңбегін өзі мұғалім болғанда түсінді. Педагогикалық өтілі – 41 жыл, соңғы 12 жылда елордадағы №9 «Зерде» мамандандырылған мектебінде «педагог-шебер» біліктілік санатты география пәні мұғалімі және директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары лауазымын атқаруда. «Зерде» мектебінің оқу-тәрбие, әдістемелік жұмыс жүйесіне, Нұр-Сұлтан қаласы мен республика көлемінде жоғары деңгейге жетуіне өз үлесін қосуда. Гүлназия Сабырқызының ұстаз ретіндегі басты ұстанымы – шәкірт жүрегіне жол таба білу, білім сапасына баса назар аудару. Кейіпкеріміздің айтуынша, қазір елімізде педагог мәртебесін көтеру жақ түзінде ғана емес, іс жүзінде де жүзеге асуда. Бұл болашақта көптеген білімді жастардың мұғалім



болуға деген ұмтылыстарының артуына әкеледі. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын аласыз дегенді естіген кезде ерекше сезімде болдым, адамның ойы жүйрік қой, қырық жыл ұстаздық өмірімің есте қалған кездері

жасап, жұмыс істеуіме мүмкіндік беріп, қолыңнан келеді деп демеп отыратын, еңбегімді бағалай білетін о дүниелік болып кеткен жан-жарым Марат ойма орылып, көзіме жас алды» деп еске алды сол бір сәтті.

Өмірлік еңбек жолында кейіпкеріміздің көптеген марапаттары мен алғыс хаттары бар, ал шәкірттері – географиядан республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары. Гүлназия Сабырқызының мектептің беделіне қосқан жеке үлесі де зор, бұған ҰБТ-дағы жоғары көрсеткіштері мен «Алтын белгі» иегері болған тулектерінің көптігі дәлел. Оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдана отырып, қасиеті шеберліктерін үнемі шыңдайтын мұғалім өз білгенін кейінгі толқынға үйретуден шаршаған емес.

Иә, ұстаз – ұлы қызмет. Осы жолда күн-түн демей, жарғақ құлағы жастыққа тимей адал тер төгіп жүрген әр ұстаздың еңбегі бағалануға лайық.

Ғасырдан астам бұрын «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірінде Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Құрметті оқушылар» деген мақаласында газеттің (ол заманда елімізде телерадионың, интернеттің болмағанын ескергеніміз жөн) не үшін керектігі жөнінде 4 себепті атап айтады. Солардың екіншісі мен үшінші естеріңізге салғанды жөн көрдік:

Екінші, «ГАЗЕТ – ЖҰРТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН НӘРСЕ, олай болатын мәнісі жұрттың білімі, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сөзге айтады. Үшінші, ГАЗЕТ – ХАЛЫҚҚА БІЛІМ ТАРАТУШЫ. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспеуші. БАҚ басшылары қазіргі тілмен айтқанда, осы функционалдық міндеттерді толық түсініп, жүзеге асырып жатыр ма? Жоғарыда айтылғандай, БАҚ қоғамға, мемлекетімізге, тұтас халыққа қандай қызмет көрсетуде? Ал мемлекеттің оларға қамқорлығы қандай деңгейде? Осы уақыт ішінде қол жеткен табыстар да баршылық, шешімін таппаған мәселелер де жеткілікті.

Біздіңше, жиі сөз болатын, бірақ нақты шешімі созыланып келе жатқан мынадай ортақ проблемалар бар:


1. Кәсіби журналистерді даярлау ісі. (Кәсіби журналистерді әуесқой, кәсіби емес журналистерден ажырата білу). Саланың обалын кәсіби журналистиканың көрмесін десек, арнайы жоғары оқу орындарының, БАҚ ұжымдарының, журналистер одағының, қауымдастықтарымен клубтарының кәсіби ынтымақтастығын күшейту қажет. Әлеуметтік желілердің дамуына да кәсіби журналистер көп үлес қосуда. Блогерлердің шеберлік мектептерін ашып, лекцияларын ұйымдастыру.

2. Салалық мамандану үрдісін жалғастыру. Зерттеулер мен аналитиканың өзегін құрайтын әлемдік тәжірибеге сүйену қажет. Сондай-ақ озық танылған отыз елдің қатарына қосылу үшін халықаралық журналистиканың тынысын ашу. Дүниеге көршінің көзімен қарау, әлемді консаның құлағымен тыңдау әдетінен аршылу.

3. Мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту, оны орындау критерийлерін шұғыл өзгерту.

4. Елімізде қабылданған «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» басқа да заңдарды тиімді қолдану. Журналистік әдеп Кодексіне мойынұңғыну.

Халқымызда «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жазады» деген нақыл бар. Басты жару үшін қандай күш керек болса, сол күш – бүгінде журналистер мен қаламгерлердің қолында. Қазіргі бастар, яғни XXI ғасыр адамдары – жан-жақты біліммен, жаңа технологиялармен қаруланған, ақпарат көздерін де жақсы меңгерген, басқа елдердің БАҚ-тарын пайдаланатын бастар. Сондықтан, қай кезде де журналистердің жоғары кәсіби деңгейі, жауапкершілігі ең басты өлшем болып қала бермек. «Басты жару» деген ұғымды таратып айтсақ, адамның санасын өзгерту, оның азаматтық ұстанымына әсер ету, өмір сүру салтын таңдауына ықпал жасау деген сөз. Жасаратыны жоқ, қазіргі таңда әлеуметтік желілерде, ақпараттарда пайдаланып, ақиқат ақпараттармен қатар фейк, жалған мәлімет, өтірік-өсек, қауесет қаптап жүреді. Бір оқығанын өзін 50 түрлі етіп айтуға болады, сонша рет суреттелуі, хабарлануы да ықтимал. Соның қайсысына құлақ асу керек? Әлде 51-ші нұсқаны оқырманның, көрерменнің өзі таңдауы керек пе? Біздіңше, әр адамның санасында «ақпараттық қалқан» болмаса да, «ақпараттық сүзгі» болуы тиіс. Бәлкім, бұл пән ретінде мектеп қабырғасынан



бастап қалана, оған уақыт – төреші. Мәселен, коронавирусқа байланысты осындай жағдай орын алды емес пе? Бұл, біріншіден, тиісті ғалымдардың, білікті мамандардың, дәрігерлердің жетіспеушілігінен болса, екіншіден, елімізде салалық журналистиканың кенжелеп қалғандығының көрінісі, содан соң, жекелеген азаматтардың интернеттегі жауапсыздығы мен арадағышылық пиғылы. Ондай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

БАҚ-қа қатысты қоғамда көп айтылатын әңгіме таралым, яғни баспасөзге жазылу мәселесі. Біз күштеп таңып, жаздыруға қарсымыз. Таралым мәселесінің түрлі жолдары бар. Соның ішінде әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бөлекке сауда жүйесін (сауда орындары мен дүңгіршіктерді) заманға сай дамытқан жөн. Осы іспен айналысқан кәсіпкерлерге Қазақстанның аумағының көлемін ескеріп, жеңілдіктер жасау жағын қарастырса да артық болса еді. Ал жазылуға келетін болсақ, ұстаздар (мектеп, колледж, жоғары оқу орны) оқушы, шәкірттерінің бейіміне, кәсібіне, қызығушылығына қарай белгілі бір басшыларды ұсынуға моральдық құқы бар деп ойлаймыз. Бұдан ат-тонның ала қашатын жекелеген педагогтер өз білімін, шәкірттерінің білімін жетілдіруге құлықсыз екендігін өздері әшкерелейді. Ал еліміздегі партиялардың мүшелері мен жанашырлары өз партиясының Жарғысына, ішкі тәртібіне сәйкес жазылуы міндеттеп жатса, ешкім қарсы бола қоймас. Жалпы, халқымыздың ниеті смартфонға, гаджеттерге ауса, сұраныс артса, сол құралдарға шақтап, жоғары сападағы өнімдер таратуға да кәсіби мамандар шындып кірісуі қажет. Цифрдағы отандық мәтіндік, визуалдық материалдардың желідегі үлесінің көпшілігі қазіргі жастардың көңілінен шыға бермейтіні де рас, олардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін кәсіби, шығармашылық қызметке жол ашқан абзал, яғни, бұл салада да

мамандану өзекті болып отыр. Сонымен бірге, тиісті министрлікке «АРХИВ – 2025» бағдарламасын жасау тапсырылғаны белгілі. Соның ішінде БАҚ архиві ерекше орын алуға тиіс. Өйткені цифрлық ресурстар заманында жыл өткен сайын мұндай архивтің маңызы арта беретін болады.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге арналған бюджет қаржысын әккімдердің имиджін жасауға жұмсауға тиым салу қажет. Журналистерге ауызбастылық беру, алу дәстүрінен арлыма, бұл да жемқорлыққа жатады. Мемлекет тапсырысымен жазылған мақалада екі ауыз сын болса, есепке алмай, қабылдамай, редакторларды әуре-сарсаңға салу – әдепке қайшы әрекет. Жалпы, жергілікті билік басшылары немесе құқық қорғау органдарының, сот судьяларын сынау қудалауға ұласпағаны екі тарап үшін де пайдалы. Қысқасы, ақпараттық саясатты жүргізуге қаржыны қайта жоспарлау, ол қаржыны беруде халықаралық тәжірибеге сүйену, яғни меншік түріне қарамастан әділетті бөлу қажет деп ойламыз.

Ал «мемлекеттік емес БАҚ» деген ұғым ерсі, ол басқа планетада пайда болған жоқ, сондықтан «жеке меншіктегі БАҚ» деп айтқан орынды болар. Сынағаны үшін журналистерді қудалау баптарының Қылмыстық Кодекстен алынғанын құптаймыз, алайда бұл оларды жауапкершіліктен босатпайтынын ұмытпаған жөн. Оқырманның сенімінен, қоғамның құрметінен айырылу кез келген журналистке сот шешімінен де ауыр жаза болуға тиіс.

Мемлекеттік БАҚ творчество жағынан бәсекелестікке, нарыққа бейімделуі керек. Құрылтайшысы мемлекеттік орган болса, баспасөз басшымыз сын материалдарды жазуына болмайды деген қате түсінік орын алғалы көп уақыт болды. Мұны да қайта зерделеген жөн.

Ал жекеменшік БАҚ-тарын тек ақпарат құралдары деп қарауға болмайды,

олар халықты әлеуметтік қолдаудың да бір түрі және қосымша жұмыс орындарын ашатындықтан, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке көрсетілетін қамқорлықтан тыс қалмауы тиіс деп санаймыз, тіпті арнайы бағдарлама жасалса артық емес. Оларға да жекелеген мәселелерде талаптың күшейтілгенін қалар едік. Атап айтқанда, олардың құрылтайшылары басшылық құрамын журналист мамандығын алған кадрлардан іріктеуін заңмен бекіту керек. Адамды емдеу үшін дәрігер, баланы оқыту үшін мұғалім, құқықты қорғау үшін заңгер талап етіледі. Қазір тек табысты, ақшаны күйіттеп, мемлекет мүддесін ескермейтін саяси жағынан сауатсыз, біліксіз кадрлар газет құрылтайшысы, бас редактор деген лауазымдарды иеленіп алғаны да жасырын емес. Мұндай жағдай нағыз кәсіби журналистердің атына дақ түсіреді, қоғамда әр алуан пікір тугызып жатады.

Рейтинг қуу, оны жалаулату жарнама үшін жақсы болғанымен, сол арқылы көрерменнің, оқырманның құқығы шектелетінін, тіпті бұзылатынын да ашық айтқан абзал. Оны ескеретін ортақ ереже, механизм болу керек немесе қосымша өлшемдер енгізуді ойластыруға болар еді.

Жалпы БАҚ нарығы дегеніміз – кәсібилердің кәсіби еместермен тартысы, интеллектуалдық бәсекесі. Әрбір кәсіп иесінің әлеуметтегі сый-құрметі, беделі, қоғамдағы мәртебесі олардың өздерінің білімі мен парасатына, әдебіне, заңды орындау мәдениетіне байланысты болмақ. Сондықтан, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары халық үніне құлақ асатын мемлекетімізде, Ахмет Байтұрсынұлы берген анықтамдағы көз, құлақ һәм тіл ретінде ғана емес, қоғамдық сананы өзгертіп, қалыптастыратын ықпалды құрал ретіндегі қызметін де жалғастыра беруді деп сенеміз.

ДАРХАН МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты

ЖУРНАЛИСТЕР МӘРТЕБЕСІ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН

Бүгінгі таңда Қазақстанда 3600-ден астам БАҚ тіркелген. Соның ішінде 410 телеарна, 73 радио, 29964 мерзімді баспасөз және 471 интернет басшылығы бар. Екі жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаулысымен 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып бекітілді. Дүйсенбіде журналистер кәсіби мерекелерін атап өтеді.

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Әйгілі қолбасшы Наполеон Бонапарт «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден гөрі аузы төрт газеттен қорқы керек» деген екен. Оның отандасы, классик қаламгер Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады. Бұл сөз 1840 жылы айтылыпты. Міне, екі ғасырға жуық уақыт журналистерді қоғам осылай қабылдап келе жатыр.

Қазақ баспасөзіне келсек, алғашқы қазақ басшылығы - «Түркістан уалаятының газеті» XIX ғасырдың аяғына қарай шыға бастады. XX ғасырда Алаш қайраткерлері ағартушылық жұмыстарды жүргізу үшін баспасөзді пайдаланды. Сол мақсатта «Қазақ» газеті ашылды. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болып, оны ұйымдастыруға Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы белсене қатысты.

Быыл Қазақ радиосының құрылғанына 100 жыл толады. Ал қазақ телевизиясының тарихы 60 жылдан асады. Заман ағымына қарай интернет басшылар пайда болды. Мұның артықшылығы жедел ақпарат таратуында болып отыр. Саны жағынан да осы ресурс мерзімді баспасөзден кейін екінші орында тұр.

Өткен жылы Үкімет басшысы Асқар Мамин Ақпарат саласын дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған ұлттық жоспарын бекітті. Аталмыш құжат «Қазақстан-2050» стратегиясында көрсетілген мақсаттарға жету үшін ақпараттық саясат тетіктерін жетілдіруді көздейді. Қазақстанның ақпараттық кеңістігін одан әрі дамытуға, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекесіне қабілеттілігін, адами капиталды арттыруға және құқықтық реттеуді жетілдіруге негізделген.

Тиісті талдау аудиториялары қамту бойынша ең танымал телевизия болып отырғанын көрсетті. Елімізде тіркелген телеарналардың 161-і – отандық, 249-ы – шетелдік. Кейінгі жылдары жаңа телеарналар ашылып жатыр. Бұл қатарда былтыр ақпарат кеңістігінде шыққан «Abai tv» телеарнасын ерекше атап өтуге болады. «Қазақстан» республикалық телерадиокомпаниясы құрамына кіретін бұл телеарна қазақ және орыс тілдерінде тәулігіне 17 сағат (07:00-ден 00:00-ге дейін) хабар таратады. Эфирдің 75% телеарнадың төл туындыларынан құралады. Телеарналардың 80 пайызы қазақ тілінде фирге шығады. Хабарлардың жанрлар бойынша үлесі: театр және кино – 13%, музыка – 11%, әдебиет – 8%, тарих – 24%, мәдени-танымдық – 44%.

Қазақ радиосының биылғы ғасырлық мерейтойына орай ақжолтай жаңалықтар болып жатыр. Елорда көшелеріне Қазақ радиосы мен атақты диактор Әнуарбек Байжанбаевтың аты берілді.

Мерзімді баспасөз елімізде тіркелген БАҚ-тың жалпы санының 80,8% пайызын құрайды. Соның ішінде 1859 газет және 1105 журнал тіркелген. Өкінішке қарай, халық арасында баспа БАҚ-тарына қызығушылықтың төмен деңгейі байқалады. Күн сайын оларды қазақстандықтардың 13%-дан астамы ғана оқиса, 43%-ы сирек және 23%-ы мүлдем оқымайды. Күн тәртібінде газеттер мен журналдар оқырмандарын көбейту мәселесі тұр. Қазір халық ақпаратты газеттерден гөрі интернет басшыларынан, әлеуметтік желілерден алады. Бірақ оның өзіндік кемшіліктері бар. Кейбір сайттар тек қана көшірменнен отырады. Сосын бір ақпарат бірнеше интернет басшылымыда жүреді. Интернетте көшірмен қатар қателер де көп болады. Оның себебі редакторлар мен корректорлардың сүзгісінен өтпей, тілші жазған бойда халыққа таратылып кетеді.

Кейінгі жылдары мұғалімдер, денсаулық сақтау мамандары, мәдениет қызметкерлеріне мемлекет тарапынан түрлі қолдаулар көрсетіліп жатыр. Мәселен, «Мұғалімдер мәртебесі туралы» заң қабылданды. Өкініштісі, журналистер мәртебесі айқындалмаған. Сол себептен қалам иелеріне баспана алу сияқты әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізу қиындық тудырып отыр. Бұл мәселенің айтылып келе жатқанына да біраз уақыт болды. Бірақ нәтиже жоқ.

Кәсіби мереке қарсаңында осындай қордаланған мәселелердің шешілуін тілейміз. Мереке құтты болсын, әріптестер!

МЕРЕЙЛЕРІҢІЗ АРТА БЕРСІҢ, ӘРІПТЕСТЕР!



Ақпарат аламында оқырманының ойындағысын, көрерменінің көкейіндегісін тап басу жолында қызмет етіп жүрген журналистердің кәсіби мерекесі Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында «Astana aqshamy» газетінің шығармашылық ұжымы да толайым табыстарға қол жеткізді.

Отыз жылдан бері ел жүрегі елорданың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өміріндегі әрбір елеулі сәтті қалт жібермей келе жатқан басшылы тілшілерінің жетістіктерін ауыз толтырып айтуға болады. Атап айтқанда, газет шолушысы Қалиақпар Үсемханұлы Nur Otan партиясының «Nur Sunar» республикалық байқауында «Үшқыр қалам» аталымында үздік деп танылды. Жеңімпазға байқаудың мүсіншесі мен 1 мил-

лион теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталды. Басшымыз шолушысы Аманғали Қалжанды еліміздің мәдениет, спорт және туризм саласын жандандыру жолында атқарған ұзақ жылғы абыройлы еңбегі мен тарихи, рухани құндылықтарды ақпарат айналымында насихаттауға ерекше үлес қосқаны үшін Мәдениет және спорт министрі Ақтөте Райымқұлова алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ тағы бір әріптесіміз Райхан Рахметова

медицина саласында ақпараттық қолдаудағы белсенді және жемісті еңбегі үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ басшымыз шеф-редакторы Төлен Тілеубай ҚР Ұлттық музейінің директоры Арыстанбек Мұхамедұлының алғыс хатын алды және «Отандар қоры» КЕАҚ Президенті Нұртай Әбіқасев ұжыммызды алғыс хатпен марапаттады.

№74 (4198) 26/06/2021 Сенбі

ТҰТҚЫННЫҢ ТАЛАЙСЫЗ ТАҒДЫРЫ...

ЕКІ ДИКТАТОР ТЕКЕТИРЕСІ АРАСЫНДА ЖАНШЫЛҒАН КЕШЕГІ САРБАЗ САТҚЫН БА?

(Соңы. Басы газетіміздің өткен санында)

Конвенция бойынша соғысушы елдер тұтқындарының құқықтарының сақталуын бейтарап елдер қызметтері бақылауға тиісті. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресей тұтқындарының мүдделерін протектор мемлекет ретінде Испания қорғады, ағылшын, француз, серб тұтқындарының мүддесін қорғаудағы протектор болған АҚШ та орыс тұтқындарына жанашырлық жасап отырды. Сондықтан барлық соғысушы елдердің тұтқындары Гаага келісімі бойынша берілген құқықтарды пайдаланды. Соғыс аяқталған соң Антанта елдері Германия үкіметіне неміс лагерлерінде Гаага конвенциясының соғыс тұтқындарын қорғайтын құқықтық нормаларының бұзылғандығы туралы айыптаған ноталар жіберді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында алғаш рет тұтқынға әскерлер орасан көп мөлшерде түсіп, ұзақ уақыт бөтен елде қамауда өмір сүруге мәжбүр болды, оларды тұтқындаушы мемлекет асырады. Антанта мен Төрттік одақтың әскерге шақырылған адам күшінің 10 пайызы тұтқынға түсті, осылайша, соғыстың аяғына қарай Ұлыбританияда – 328 мың, Францияда – 350 мың, Австро-Венгрияда – 916 мың, Ресейде – 2,25 млн, Германияда 2,4 млн тұтқын болды. Сан мыңдаған адамды тұтқында ұстау, аспен, киіммен қамтамасыз ету, соғыс біткен соң елдеріне қайтару орасан көп қаржыны керек етумен қатар тұтқында ұстау ережелерін жетілдіруді талап етті. Көп мемлекеттер қатысқан халықаралық қақтығыста қолға түскен тұтқындардың құқықтарын реттеуге 1907 жылғы конвенцияның 17-бабы азық етті. Сондықтан осы мәселені талқылау үшін Халықаралық Қызыл Крест комитеті 1921 жылы конференция ұйымдастырды. Конференцияда тұтқындардың құқығы туралы конвенцияның жобасы жасалды. Бұл конвенцияның бұрынғы осындай құжаттардан айырмашылығы – тұтқындардың құқықтары туралы мәселе жалпы соғыс жүргізудің ережелері мен заңдарынан бөлініп, жеке мәселе ретінде арнаулы талдауға түсті. Жоба барлық елдерге жіберілді және ұзақ уақыт талқыланды. Соның нәтижелерін бекіту және жаңа конвенцияны қабылдау үшін 1929 жылы шілдеде Женевада 47 мемлекет қатысқан конференция өтті. Конференция барысында 1929 жылдың 27 шілдесінде «Соғыс тұтқындарын күту туралы» арнаулы конвенция жасалды. Конвенцияда әскери адамдардың тұтқында тұскен сәттен бастап репатриацияға дейінгі кезеңдегі барлық құқықтары көрсетілді, тұтқындаушы мемлекеттер үкіметтерінің міндеттері толық түрде белгіленді. Бұл құжатта тұтқындардың тұрмыс жағдайы мен құқықтары, жаралылар мен ауру тұтқындарды күту, тұтқындаушы жақтың міндеттері нақтыланды.

47 мемлекет мақұлдаған бұл келісім Германия 1934 жылдың 21 ақпанында қол қойды. Кеңес Одағы Женева келісіміне қосылған жоқ. Осы ағат шешімін ақтау үшін КСРО Женева келісімі ұлттық және нәсілдік кемсітушілік марапаттайды деген сылтау тапты, өйткені келісімде «соғысушы жақтар мүмкіндігінше әртүрлі нәсілдер мен ұлттар өкілдерін бір лагерьде ұстамауға тиісті» деген бар еді. Ал Кеңес өкіметінің патшалық Ресейдің шешендермен жасаған барлық келісімдерінің күшін жоюы енді оның Гаага келісіміне де қосылмайтынын көрсетті. Кеңес Одағы осылайша өз азаматтарын халықаралық құқық негізінде қорғану мүмкіндігін айналырды.

1929 жылдың 27 шілдесіндегі «Соғыс тұтқындарын күту туралы» Женева конвенциясы 8 бөлімнен, 97 баптан тұрады. Конвенция бойынша: тұтқындар тіркеуге алынып, тізімдері протектор-мемлекетке (Швейцарияға) беріліп отырады; тұтқын лагерлерін Қызыл Крест өкілдері тексеріп тұрады; тұтқындарға берілетін тамақ мөлшері тұтқындаушы елдің тылдағы әскери бөлімдеріне берілетін мөлшерде болуға тиісті; тұтқындардың өз елінен сәлемдеме алуға және Қызыл Кресттен азық-түлік, витамин, дәрі-дәрмек алуға, лагерьдегі ауыр жағдай туралы арыз айтуға құқы бар. Әрине, сталиндік басқару жүйесі елді орасан үлкен түрмеге айналдырғанын еске алсақ, Кеңес Одағының жоғарыда аталған келісімдерге неліктен қол қоймағанын түсіну қиын емес. Әйтпесте, фашистік Германияда Женева келісіміне қол қойған елдер тұтқындарының жағдайлары бірдей болған жоқ. Олардың арасында ең жағдайы ауыры поляктар болды,

алайда олар да Қызыл Кресттен көмек алып тұрды, белгілі бір құқықтары болды, сондықтан жаппай қырылуға ұшыраған жоқ. Женева конвенциясын мойындамаған Кеңес Одағы тұтқындар мәселесіне қатысты өзіндік жеке құжат дайындауға әрекет жасады. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі 1941 жылы 1 шілдеде «Соғыс тұтқындары туралы ереже» қабылдады. «Ережеде» Гаага және Женева конвенцияларының бірқатар ережелері сақталғанымен де бұл құжат кеңестік ішкі заңдылыққа жататындықтан, Кеңес Одағымен соғысушы мемлекеттер үшін ешқандай да міндеттілік сипатқа ие бола

тұрды. Ереже бойынша барлық соғыс тұтқындарымен олардың статусына орай қарым-қатынас жасауға, оларға кеңестік әскери қызметкерлермен тең дәрежеде медициналық көмек көрсетуіне, туыстарынан хат-хабар, сәлемдеме алу мүмкіндігіне кепілдік берілді. Алайда ережеде тұтқындарды зиянды еңбек шарттарымен жұмыс істеуге тыйым салынбады, айыпталушы тұтқындар қорғаушымен қамтамасыз ету туралы айтылмады, айыпкерге өлім жазасын берген үкім Қызыл Крест пен сол тұтқындар отанына хабарланбастан орындалатын болды. Бұл Женева келісімінің 32, 61, 66-баптарына қайшы келеді.

Әрине, бұл ереже Германия қарулы күштері бас қолбасшылығының Кеңес Одағына шабуыл жасау қарсаңында шығарған бұйрық-нұсқаулармен салыстырғанда адамшылық тұрғыда жасалғаны рас. Атап айтқанда, 1941 жылдың 6 маусымындағы комиссарлар туралы бұйрық халықаралық құқық ережелерін өрескел бұзу және адамшылық құзіреттерін мүлде теріске шығарудың үлгісі болды. 1941 жылы 16 маусымда Империялық қарулы күштердің басшылығы «Фарборосса» жоспарына сәйкес алдағы соғыста кеңестік тұтқындарға қалай қарау керектігі жөнінде арнаулы бұйрық (№ 25/41) шығарды. Бұйрықтың екінші бөлімінде кеңес тұтқындарына қатысты саясаттың негіздері белгіленді. Құжатта нацизм мен большевизмнің идеологиялық қарама-қайшылығы атап көрсетілді: «Большевизм – ұлтшыл-социалистік Германияның қас жауы. Демек, Қызыл әскер тұтқындарына өте бір сақтықпен және ұстамдылықпен қарау қажет. Тұтқындардың, әсіресе, азиат тектестерінің зұлым болатыны ескерілісін. Сондықтан олардың, әсіресе, большевиктік арандатушылардың аздаған қарсылығының өзіне аяусыз да табанды тойтарыс жасалуға тиісті. Кез келген белсенді және енжар наразылық толық жойылыс. Соғыс тұтқындарының бейбіт тұрғындармен және құзеттегі жауынгерлермен қарым-қатынасына жол берілмесін! Біздің қарсыластымыз 1929 жылғы 27 шілдедегі тұтқындарды бағып-күту туралы келісімді мойындамады. Алайда біз үшін ол соғыс тұтқындарын бағып-күтудің негізін құрайтын болады». Алайда келесі беттердегі сөздер бұл құжаттың ешқандай халықаралық келісімдерге сәйкес келмейтінін көрсетті. Онда кеңестік тұтқындарға қатысты мынадай саясат негіздері белгіленді: соғыс тұтқындары шаруашылыққа емес, әскердің тікелей мұқтаждары үшін пайдаланылуы мүмкін; бұл жұмысқа ақы төленбейді; офицерлер мен санитарлық құрам жалақы алмайды; қарулы күштердің ақпараттық бөліміне соғыс тұтқындары туралы мәліметтер жіберілмейді; соғыс тұтқындарын тамақтандыру мәселесі арнайы бұйрыққа көрсетіледі; тұтқындарға қорғаушы мемлекеттермен немесе көмектесуші қоғамдармен байланыс жасауға

атаулы салынады; тұтқындаушы мемлекет алдында тұтқындардың мүддесін қорғауға өкілеттік алған сенімді адамдар тұтқындарға жіберілмейді; тұтқындарға қарсы қылмыстық сот ісін жүргізу Женева келісімімен шектелмейді. Германия қарулы күштері жоғарғы қолбасшылығының №3058/41 Жарлығында 1929 жылғы Женева конвенциясы аталған да жоқ.

Германия Кеңес Одағына шабуыл жасаған соң 1941 жылы 23 маусымда Халықаралық Қызыл Крест комитеті соғысушы мемлекеттер үкіметтеріне тұтқындардың тізімін жасау және оларды жариялау туралы ұсыныс жасады. Бұған Кеңес

катап түрде қарау, оларға ешқандай аяушылықтың болмауы туралы бұйрық келді. 1941 жылдың тамыз айында АҚШ Мемлекеттік хатшысы Г.Хелл Мәскеудегі американың елшісіне Кеңес Одағының 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылатын ниеті бар-жоғын анықтауды тапсырды. Алайда американың елшілігінің әрекеті нәтижесіз аяқталды, кеңес өкіметі бұл мәселені сөз етуге құлық танытпады. 1941 жылдың тамызында Қызыл Крест кеңестік тұтқындарға өз елінен сәлемдеме жеткізіп, көмектесуге ниет білдірді. Бұл ұсынысты да В.Т.Молотов қаржы жоқ деген сылтаумен қайтарып

тастады. Өз кезегінде немістер де канадалық Қызыл Кресттің кеңестік тұтқындарға витаминдер жеткізу туралы ұсынысын қабылдамады. АҚШ президенті Ф. Рузвельт пен кездесуінде В.Молотов Кеңес Одағының Женева келісіміне қосылмайтындығын тағы қуаттады. Кеңес үкіметінің бұл қадамы тұтқындардың жағдайын жақсартпағандығы даусыз. Халықаралық Қызыл Кресттің өкілі М. Жоно Германиядағы лагерлерді аралаған кезде қатар тұрған кеңестік және ағылшын тұтқындарының тұрғын жайының, тұрмыс жағдайларының арасында үлкен айырмашылық бар екендігін, кеңестік тұтқындардың ауыр тағдырын көріп, наразылық білдірген. Сонда лагер команданты Кеңес Одағының Женева келісімін мойындамай отырғанын тілге тиек етіп, ақталған. Бұдан кейін Кеңес Одағының соғыс тұтқындарына қатысты халықаралық келісімдерді ережелерін сақтауға мүдделі еместігі айқын көрінді. Ендігі жерде Сталин неміс тұтқындары туралы қорқынышты хабарлардың үнемі таралып отыруына күш салды. Одағының бейтарап елдердегі елшілері екі жақты тұтқындарының жағдайын жақсарту бағытындағы барлық қадамдарға наразылық білдіріп отырды. 1943 жылы сәуір айында Анкарадағы Ватикандың елшісі монсеньер Д. Ронкалли Кеңес Одағының елшісіне кеңестік тұтқындарға көмек ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады. Оған кеңес елшісі: «Біздің үкімет соғыс тұтқындарының жағдайына назар аударуға тиісті емес, өйткені олар сатқын» деп жауап берді.

Бейтарап елдерден осы хабарлар жеткен бойда Германия Қарулы күштерінің тұтқындар мәселесіне айналысатын бөлімі кеңестік тұтқындардың отанына оралуы осы соғыста немістердің жеңіске жетуіне тікелей байланысты деп жар салып, үгіт-насихат жұмысын өрістетті. Соғыс тұтқындарының Отанға қайтқаннан кейінгі тағдыры да өте қайғылы болды. 1943-1947 жылдарда Кеңес Одағына бес жарым миллионға жуық соғыс тұтқыны мен Германияға жұмысқа айдалған азаматтар қайтарылған. Қайтып келген соғыс тұтқындарының шамамен 20 пайызы туған жеріне оралды, 20 пайызы қайта тұтқындалып, кеңес лагерлеріне жіберілді, қалғандары Сібірдің алыс аудандарына жер аударылды, соғыста қирап қалған аудандарда ауыр жұмысқа салынды, бірақтарының тағдыры белгісіз.

Екінші дүниежүзілік соғыста Германияның да, Кеңес Одағының да соғыс тұтқындарына қатысты халықаралық құқық ережелері мен заңдылықтарын сақтамағаны даусыз. Демек, кеңестік соғыс тұтқындары екі тоталитарлық мемлекеттің, екі диктатордың арасында жаншылып, қорғанысыз, мүсәпірлік жағдайға түскен.

Гүлжаухар КӨКЕБАЕВА, тарих ғылымдарының докторы, профессор

МЕНДЕШЕВ ПЕН БЕКТҰРОВ ҚАЛАЙ КЕЗДЕСТІ?

1997 жылғы сәуір айының басы еді. Бірде жұмыс бабымен Арқаның ардагер абызы, қарт қаламгер Жайық Бектұров ағамыздың Қарағанды қаласының Бейбітшілік бульвары бойындағы үйіне бардым.

Күн суық. Үй де салқын. Үстіне жасыл түсті шапанын киіп алған Жәкең әңгіме арасында маған бір қолжазбасын көрсетпекші болып, үстел үстінде жатқан көлемді папканы ақтарға бастады. Сол сәтте папкадағы қағаздардың арасынан шыққан ескі бір сурет көзіме оттай басыла кетті.



– Апыр-ай, мына бір суретте үлкен сыр бар сияқты ғой? – деп Жәкеңнің бетіне қардым.

– Иә, солай екені рас, шырағым. Бұл өзі жанымға ерекше жақын жәдігер суреттердің бірі еді. Сурет сырын сұрасан, айтып берейін, – деп абыз ақсақал осының алдында ғана бастаған әңгімесін тоқтата тұрып, маған тосын бір сырды баяндайды.

– Бұл сурет 1934 жылдың соңына таман Орал қаласында түсірілген еді, – деп бастады әңгімесін Жәкең. – Суретте сол жақта отырған – кезінде Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері болған абзал ағамыз Сейітқали Мендешев, оң жақтағысы – менмін. Ол кезде небәрі 22 жастамын. Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің аппаратында жауапты қызмет атқарып жүрген шағым еді. Сейітақан – ол кезде Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі, әрі республикалық ғылыми кеңестің төрағасы.

Бері суретке түсіріп келе жатқан таман Орал қаласында түсірілген еді, – деп бастады әңгімесін Жәкең. – Суретте сол жақта отырған – кезінде Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері болған абзал ағамыз Сейітқали Мендешев, оң жақтағысы – менмін. Ол кезде небәрі 22 жастамын. Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің аппаратында жауапты қызмет атқарып жүрген шағым еді. Сейітақан – ол кезде Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі, әрі республикалық ғылыми кеңестің төрағасы.

...1934 жылдың жазында Қазақстан Үкіметі республикамыздың ашаршылыққа ерекше ұшыраған екі аймағына Үкімет тарапынан нақты көмек көрсету үшін арнаулы екі бригада шығарған. Оның бірі – Батыс Қазақстан облысына, екіншісі Шығыс Қазақстанға аттаныпты. Шығыс Қазақстанға шыққан үкімет бригадасын көрнекті мемлекет қайраткері Сейітқали Мендешев басқарған. Бригада құрамында белгілі ғалым Молдағали Жолдыбаев, «Народное хозяйство Казахстана» журналының редакторы – Константи́н Павлов, Қазақ педагогика институтының ректоры – Серғазы Толыбеков, Қазақстан өлкелік комсомол комитеті орталық аппаратының жауапты қызметкері Жайық Бектұров болған.

Олар сол жылғы жаздың екі айында осы күнгі Абыралы, Шұбартау, Ақтоғай, Шет, Жаңаарқа аудандарын, жанадан қайта құрылып жатқан Қарқаралы округінің аудандарын аралап, шаруалары күйзеліске ұшыраған ауыл шаруашылықтарына мемлекет тарапынан мал, астық және ақша қаражатын, киім-кешекті дұрыстап таратуға нақты көмек көрсеткен. Үкімет бригадасының осы сапар барысында атқарып қайтқан аса жауапты жұмысы жайлы сол жылдың күз айларында С.Мендешевтің, К.Павловтың және Ж.Бектұровтың мақалалары республикалық баспасөз беттерінде жарияланған.

Сол 1934 жылдың күзінде қайрай мемлекет қайраткері Сейітқали Мендешев пен республикалық комсомол ұйымының бас қызметкері Жайық Бектұровтың жолдары тағы тоғысады. Бұл жолы ҚазЦИК-тің Президиум мүшесі – Сейітқали Мендешев, Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің бірінші хатшысы – Қайсар Тәштитов, ҚазЦИК-тің сол кездегі төрағасы Елтай Ернзаровтың бірінші орынбасары Заваритко және комсомол қызметкері Жайық Бектұров бәрі бірге Батыс Қазақстан облысының аудандарында, Саратов және Мәскеу қалаларында іссапарда болады. Сергей Кировтың өлімі мен оны жерлеу рәсімі кезінде қазақстандық делегация мүшелері Мәскеу қаласында жүреді. Біз сөз етіп отырған осынау тарихи сурет сол сапардың барысында Орал қаласында түсірілген екен.

– Әлі есімде, жолашулар пойызы келгенше біршама бос уақытымыз болған еді, – деп еске алды Жайық ақсақал. – Сейітақан маған: «Қарағым, жүрші, екеуіміз бірге суретке түсейік. Мынау жердегі банк үйінің қасында Днянько дейтін фотограф бар еді. Ол өзі баяғыдан

бәрі суретке түсіріп келе жатқан фотографтар әулетінен еді, – деп мені суретке түсуге өзі бастап алып барды. Біз бұл суретке солай түсіп едік, қарағым!

Аласапыран жылдарда Жәкең өзіндегі осы бір қастерлі суреттің айырылып қалыпты. Халықтың ұлдарының мойнына «халық жауы» деген қара қамыт кигізілген қара түген күндердің бірінде Жәкеңнің ағасы альбомдағы осы жәдігер суретті ортасынан екіге бөліп, өз бауырының ғана бейнесін жеке алып қалған. Онысыз да бір басына жететін жаланың ортасында жүрген қосымша бір соққы мынап кете ме деп алаңдаған аға көңілін өбден түсінуге болады. Сейітақандай абзал азаматпен иық түйістіре қатар отырып суретке түспек түгелі, кезінде үйінен бір шыны аяқ шай ішіп кеткен талай шаңырақ иесі түрмеге түсіп, айдалып кете барған аласапыран жылдар еді ғой ол кез.

Арқаның ақ боранындай ұйытқи соққан заман-ай! Халықтың бағына туған неміс аял да ардақты азаматтардың тағдырдың араны кең ақ бораны шайнамай жұтып жіберді емес пе? Өкініштен өзегің өртенгендей...

– Бұл сурет кейін қолыңызға қалай түсті? Әлде мұрағаттан көшірмесін алдырдыңыз ба? – деп сұрадым Жәкеңнен.

– Суреттің көшірмесін 1960 жылдары Сейітқали Мендешевтің ол кезде әлі көзі тірі бәйбішесі Рәзия апамыздың мұрағатынан сол шаңырақтың күйіе баласы, қазақтың әйгілі ақыны Жұбан Молдағалиев марқұм менің өтінішім бойынша жасатып берген еді.

– Е, шырағым, біздің ардақты Сейітақан туралы айтатын жыр да көп, сыр да көп. Кезінде оған Мағжан Жұмабаевтың шығарған бір әзіл өлеңі де бар еді. Оны айтсам, басқа бір әңгіменің суретіне түсіп кеттім көдік. Осы айтқандарымды қанағат етсең, бұл әңгімені әзірше осымен тәмамдай тұрайық, – деп Жәкең бетіме қарады.

Мен не дейін? «Кеудесі жақсылардың – алтын сандық» деген аталы сөз осы біздің Жәкең сияқты көнеңіз көзі, тарихтың өзі сияқты шежіре қарттарымызға қарап айтылған ғой деп ойладым іштей.

Арада бір жылдан кейін ардақты Жәкең де өмірден өтті. Содан бері жылдар сынаптай сырғып өте шыққан екен.

... Жәдігер суреттің көшірме нұсқасын қолыма қайта алып қарадым. Оралдық кәсіби фотограф Днянько түсірген осы тарихи суретте өңдір жас Жайық інішегің жанына алып, өзіне тән сабырлы қалпымен маңғас отырған Сейітқали Мендешев атамыз:

– Шырағым, біз деген жаланың құрбаны болып кеттік ғой. Ел аман болса, ердің аты өшпейді. Туған еліміз, байтақ жеріміз, көңілі даалай, мінезі баладай қазағымыз аман болсын! – деп тебірене тіл қатқандай...

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ, журналист

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №73 (4197) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Terі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and identification details for citizens.

Table with columns: 7953, 7954, 7955, 7956, 7957, 7958, 7959, 7960, 7961, 7962, 7963, 7964, 7965, 7966, 7967, 7968, 7969, 7970, 7971, 7972, 7973, 7974, 7975, 7976, 7977, 7978, 7979, 7980, 7981, 7982, 7983, 7984, 7985, 7986, 7987, 7988, 7989, 7990, 7991, 7992, 7993, 7994, 7995, 7996, 7997, 7998, 7999, 8000, 8001, 8002, 8003, 8004, 8005, 8006, 8007, 8008, 8009, 8010, 8011, 8012, 8013, 8014, 8015, 8016, 8017, 8018, 8019, 8020, 8021, 8022, 8023, 8024, 8025, 8026, 8027, 8028, 8029, 8030, 8031, 8032, 8033, 8034, 8035, 8036, 8037, 8038. Contains names and identification details for citizens.

Table with columns: 8039, 8040, 8041, 8042, 8043, 8044, 8045, 8046, 8047, 8048, 8049, 8050, 8051, 8052, 8053, 8054, 8055, 8056, 8057, 8058, 8059, 8060, 8061, 8062, 8063, 8064, 8065, 8066, 8067, 8068, 8069, 8070, 8071, 8072, 8073, 8074, 8075, 8076, 8077, 8078, 8079, 8080, 8081, 8082, 8083, 8084, 8085, 8086, 8087, 8088, 8089, 8090, 8091, 8092, 8093, 8094, 8095, 8096, 8097, 8098, 8099, 8100, 8101, 8102, 8103, 8104, 8105, 8106, 8107, 8108, 8109, 8110, 8111, 8112, 8113, 8114, 8115, 8116, 8117, 8118, 8119, 8120, 8121, 8122, 8123, 8124. Contains names and identification details for citizens.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Status. Rows include individuals like ИБАДУЛЛИНА АРАЙЛЫМ, АРАЙЛЫМ ЛЯЗЗАТ, ЕРЛАНОВНА БАКТЫБАЕВНА, etc.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Status. Rows include individuals like ОВЧИННИКОВА ТАТЬЯНА, НИКОЛАЕВНА, МУКАНОВА ГУЛЬСАН, САРСЕНБЕКОВНА, etc.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Status. Rows include individuals like ИНСЕБАЕВА ГУЛЬСИМ, АШИМОВНА КУРМАНОВНА, АБДОЛЛАЕВА АСЕЛЬ, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Position. Lists various officials and their details.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Position. Lists various officials and their details.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, and Position. Lists various officials and their details.

(Жалғасы бар)

ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

Тіл – ұлттың жаны, рухы. Тіл – елдіктің айыны мен айбары. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі. Осынау асыл қасиеттерді сақтау жолында әр ұрпақ өзіне жүктелген міндеттерін мүлтіксіз атқаруы шарт.

Қазақ тілінің кемелденіп, тұрса табиғатындағы сарқылас әлеуетін танымдағы асқарлы белес – XX ғасырдың алғашқы ширегі. Бұл тұста тіліміз руханиятымыздың құрметіміз болып отырып, ғылым мен ілімнің өзегіне айналды.

XX ғасыр басындағы ұлт руханиятында тіл мәселесі өткір қойылып, әлеумет жасампаздығының басты өлшемі деп қаралды. Қазақ оқығандары отарланған елінің ертеңгі тағдырын азаттықпен байланыстырғанда, тіл мен әдебиеттің ұлттық болмысты сақтаудағы, өзгелермен теңеудегі маңызын айрықша сезінді.

«Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді» дейді Ә.Бөкейхан. Қазақ тілін тұрмыс қазанында қайнатып, қандастарын әлемдік ғылым жетістіктерінен ана тілінде сусындауына жол ашқан дегдар Фламарионның «Астрономия әліпбиі» (1924), Туквоскийдің «Жердің қысқаша тарихы» (1926), Гравеннің «Дүниенің құрылысы» (1926) ғылыми еңбектерін қазақшалап басып шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлы – «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әліп-би», «Жаңа әліппе», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» атты ана тілімізде

алғашқы оқулықтар, «Оқу құралы» (Т.Шо-нанұлымен бірге) әдістемелік оқу құралымен қазақ тіл білімінің негізін қалады. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» («Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы») Бірінші жылдық Орынбор – 1914) деп білді.

«Педагогика» (1919) кітабын жазған Ғұмар Қараштың «Тіл – әдебиет», «Ұлт хәм туған тіл» (патшалық хәм бостандық заманында) мақалалары ұлттың ұлт болып қалуындағы ана тілі, әдебиетінің маңызын талдауымен және осы істерде қолға алынар мәселелерді нақты қарастыруымен құнды.

Қайраткер «Бір кеуде – пенденің дүниеде жасауы, бір болып тұруы үшін жан – рух керек. Бір халық, бір елдің де дүниеде бір милләт, еді болып жасауы, тірлік етуі үшін тіл керек, әдебиет керек. Жансыз кеуде дүниеде жасай алмас, шіріп, топыраққа айналып жоқ болар! Тіл, әдебиеті болмаған милләттің де тап сол жансыз кеудеден айырмасы болмас, өзіне айырым әдебиеті болмаған милләттер де дүниеде жасай алмас деп ұлт пен ұлттық рух жасампаздығын тілді сақтау тұрғысынан түсіндіреді.

Ана тілін дамыту арқылы ғана білім-өнерді шынайы игеру, әдебиетті өркендету жемісті болатынын: «...Ең уәелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін бімей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өз-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың білімі де, өнері де өршімейді.

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасaq, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» деп жеткізеді. «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (1926), «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) іргелі еңбектерімен қазақ ғылымында педагогика, психология ілімдерінің негізін қалап, тың ізденістер мен жаңа бағыттарға жол ашқан Жүсіпбек Аймауытұлы «Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады: жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» (Жазу мәселесі туралы соңғы сөз) деген ұлағатын айтты.

«Бастауыш мектепте ана тілі» (1923), «Сауатты бол» (1926) әдістемелік оқу құралы, «Педагогика» (1922) еңбектерімен қазақ руханиятындағы алтын ғасырды сомдау үрдісінен табылған Мағжан Жұмабайұлының туған тіл хақындағы толғауына да өміршен.

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қандақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түңдік тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, аспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр» деген қалам қайраткері ұлт тілін сақтаудың маңызын тереңнен түйсінді. «Тілісіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді» (Педагогика), «Дұрыс, мектептеміз ана тілі әлі дұрыс негізге құрылған жоқ. Осы күнгі мектеп баласы ана тіліне өзінің тілі емес, мұғалімнің тілі деп қарайды», «Мектептегі ана тілі – барлық білімнің негізі хәм басқышы» (Бастауыш мектепте ана тілі) деген алаң көңілін айтқанда, көркем аудармалары, ғылыми еңбектерімен қазақ тілінің әлеуетін еселеуде аянып қалмады.

Қазақ тіл білімінің дамуына «Оқу құралы» (Жауропалықтар үшін) I-бөлім, «Жауропалықтар үшін II жылдық оқу құралы» еңбектері, «Қотыр сөздер», «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс», «Дұрыс па? Бұрыс па?», «Қазақша ай аттары», «Жат тіл оқыту әдісі» мақалаларымен зор үлес қосқан Қошқе Кемеңгерұлы «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мәселені өткір көтерді.

Түйіп айтқанда, Алаш қайраткерлері ұлт тілін білім мен ғылымның тіліне айналдыруда тарихи қызмет атқарды. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі екенін іргелі еңбектері, жан-кешті қоғамдық қызметтерімен дәлелдеп кетті. Осынау өміршең өнегеден тәлім, тағылым алу – ұрпақ парызы.

Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕХУ профессоры

ҒАЛАМ КЕРЕМЕТТЕРІ

Біздің ғаламшарымыз тура глобус пішінді емес. Дәлірек айтсақ, шар тәріздес емес. Еш тоқтамсыз айнал әсерінен ол біраз тегістелген және эллипс тәріздес. Сондықтан жер бетіне түсетін ауырлық күші де біркелкі емес.

Тағы бір қызық ақпаратпен бөлісейін. Табиғатта кездесетін маса мен арадан басқа адам қанын соруға құмар жәндіктер бар. Солардың бірі – қарапайым көбелек. Ал жердің ең биік нүктесі - Эверест оны бағындыра алмаған 200-ден астам адамның мәйіті жатыр. Оларды төменге түсіріп, әркімнің дініне қарай жерлеу мүмкін емес. Себебі оларды тасымалдау өте қиын. Және Эверестке аттанған әр альпинист қандай да бір оқыс оқиға болса, немесе сол жерде көз жұматын болса тау басында қалуды дұрыс деп санайды екен. Олардың соңғы өтініштері сол болса керек!

Біздің планетамыз гауһарға бай. Олардың көптігі соншалық, әр адамның жайлы өмір сүруі үшін жеткілікті болар еді.

Мұхиттар жер бетінің 70 пайызын алып жатыр, бірақ адамдар осы уақытқа дейін оның небәрі 5 пайызын ғана зерттеген екен. Мұхиттың қалған 95 пайызы әлі талай зерттеулерді қажет етеді. Онда ортақ үйіміз – Жерге байланысты талай таңғажайыптар мен адам нанғысыз

ақпараттар жатыр десеңізші! Мәселен, теңіз құбыжықтары шынмен де болуы мүмкін. Мұхиттың көп бөлігі әлі зерттелмегендіктен, алдын ала есептеулер бойынша, жер бетіндегі жануарлар түрлерінің 86%-ы әлі ашылмаған. Міне, қызық!

Ай Жер орбитасынан ақырындап алыстап бара жатыр. Бірақ, қорқуға болмайды. Себебі жылдамдығы үлкен емес, жылына – 38 мм. Меди-сондағы Висконсин университеті мен Колумбия университетінің зерттеушілері 1,5 миллиард жыл бұрын Ай Жерге қазіргіден 44 мың км жақын болғандығын айтады. Астрофизиктердің айтуы бойынша, осының әсерінен Жердегі климат пен тәулік ұзақтығы өзгеріске не болды.

Уақыт өте келе ғаламшарымыз бізді көптеген қызықты тұстарымен таңқалдырады! Жер-Ана – біздің ортақ үйіміз. Табиғат, Отан, Туған жер, Атамекем деген құлдық жылы естіліп, жүрекке шаттық сезім ұлататын ұлы да қасиетті, бірірімен мағыналас сөздер. Біз – табиғат пен Жер-Ананың перзентіміз. Оларды сүйе білу, оны аялау – әр адамның азаматтық борышы.

Дариға ДАРЫН, № 22 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ГАЗДАНДЫРУҒА БІРЖОЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! (Көктал -1, Көктал-2, Агродорок, Железнодорожный, Оңтүстік-Шығыс, Промышленный елді мекені)

Тұрғын үйді газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек төрт ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын (150 900 теңге) жан басына шаққандағы табысы болған және оларда және Нұр-Сұлтан қаласы газдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес газдандыруға жататын жергілікті жеке тұрғын үйде тұратын оның жеке меншік иесі немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылатын, отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғаларға, оның ішінде мүгедек балаларға, көпбалалы аналарға және көпбалалы отбасыларға ұсынылады (Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешімімен бекітілген «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалар).

Әлеуметтік көмектің көлемі 90 АЕК (262 530 теңге) аспайтын газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарының негізінде анықталады.

Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші egov.kz Электрондық портал арқылы өтінішке қоса төмендегі құжаттарды ұсынуымен хабарласуға болады:

1) отбасының бірге тұратын барлық мүшелерінің жеке басын

қуаландыратын құжаттың көшірмесі (жеке бас куәлігі, балалардың туу туралы куәлігі);

2) газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарын растайтын акт және/немесе құжаттардың көшірмелері (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, қызметтерді көрсетуге арналған шарт және т.б.);

3) жиынтық табысын есептеу қағидасына сәйкес адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (хабарласқан уақыттың алдыңғы тоқсанына тағайындалған еңбекақы, ажырасқан отбасыларға алимент туралы мәлімет);

4) мәртебені растайтын құжаттың көшірмесі (зейнеткерлік куәлігі, мүгедектік туралы анықтама, балалардың туу туралы куәліктері, көпбалалы отбасылар үшін – көпбалалы отбасының куәлігі);

5) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама нысан № 6 ХҚКО);

6) екінші деңгейдегі банктегі не «Қазпошта» акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Толық кеңес алу үшін Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына, Сарыарқа ауданы бойынша: 55-68-40, 8-702-546-86-95, 8 701 621 62 99, Алматы ауданы бойынша: 55-68-22, 8 701 734 83 74 телефондарына хабарласуға болады.

Portrait of Nur-Sultan and text describing his role as a deputy representative of the people of the Republic of Kazakhstan.

Portrait of a woman and text describing a social project for elderly citizens in the Nur-Sultan city district.

ҚОЗЫ МЕН БАЯН ХИКАЯСЫ – БАЛЕТ ТІЛІНДЕ

2-3 шілдеде «Астана Балет» театрының сахнасында аталмыш өнер ұжымының басты премьерасы – РФ еңбек сіңірген өнер қайраткері Георгий Ковтун мен Сәкен Нөгербек сахналаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Махаббат туралы дастан) балеті көрермендерге жол тартады. Шығарма Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Астана күніне арналады.

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Аталмыш туынды композитор Ақтоғы Райымқұлованың музыкасына қойылды. Оқиға Қозы Көрпеш-Қодар-Баян сұлу үштігі айналасында өрбиді. Хореографиялық интерпретация әйгілі лиро-эпостық жырдың желісімен сахналанды. Қозы мен Баянның махаббаты, Қодардың жауыздығы би қимылдары арқылы беріледі. Балетмейстер жұмысқа кіріскенде ұлттық биді классикалық балет пен заманауи техникамен үйлестіруді ойластырды. Бұл қаншалықты сәтті шыққанды премьерда белгілі болады.

Балеттің журналистерге арналған алдын ала көрсетімінде музыкасында батыс пен шығыс саздары араласқанын байқадық. Кейде үнді фильмдерін көріп отырғандай әсерде боласыздар. Қозы бейнесін Сүндет Сұлтанов, Баянды Дарина Қайрашева сомдайды.

Елімізде ұлттық балет өте аз қойылады. Ал «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» хикаясы, олардың шексіз махаббаты талай шығармашылық иелеріне шабыт береді. Бірақ осы күнге дейін бұл хикая балетке көшірілмеген. Соны ойластырып, бас балетмейстер ретінде Георгий Ковтунды шақырды ұйғардық. Мен ол кісіні жиырма жылдан астам білемін. Өзім төрт балетіне қатыстым. Георгий Анатольевичтің бұл жағынан тәжірибесі мол. Шығарманы сахналағанда ол бар жанын салады, – дейді «Астана

Балет» театрының көркемдік жетекшісі Нұрлан Канетов. Георгий Ковтун осының алдында «Астана Балет» сахнасында «Вальпургиев түні» балетін қойды. Бірнеше жыл бұрын елордада өткен хореографиялық байқауға, аталмыш театрдың ашылуына құрметті қонақ ретінде қатысты.

– Шақырту алғанда Қозы мен Баян жайлы түсірілген көркем фильм мен мультфильмді көріп, кітаптарды оқыдым. Со-

дан соң бұл тақырып қызығушылығымды оятты. Махаббат хикаясын қалай беремін, қазақ көрермені мені түсіне ме деп ойладым. Себебі ұлттық спектакльдерді қою өте қиын. Сыншылар қашан да табылады. Өзім классикалық мектептің өкілімін. Балет қойғанда соны ұстануға тырысамын. Бірақ тақырыпқа қарай гротескті қолданамын. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» балеті қалай шыққанына көрермен бағасын бере жатар, – деді Георгий Ковтун.



«ҚҰЛАГЕР» – ҚАЗАҚТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Ақан сері – өмірі трагедияға толы тұлға. Серінің қартайғанында өмірден баз кешуіне тұлғаны Құлагердің өлімі себеп болды. Сол кезде ел арасында «Ақан перінің қызына ғашық болып, жынды болып кетіпті» деген сыбыс жүрген. Спектакль көрінісі содан басталады. Шымалдық ашылғанда айдалада таяғына сүйеніп отырған Ақанды көреміз. Одан соң оқиға Сағынайдың асымен жалғасады.

Саундрама жанры – ХХІ ғасырдың жемісі. Бұл – мюзикл мен драманың қоспасынан туатын туынды. Қазақстанда әлі кең таралмады. Соны алғашқылардың бірі болып Фархат Молдағали қолға алды. Ал «Құлагер» аталмыш жанр талаптарына жақсы келеді.

Себебі негізінде халық композиторының тағдыры жатыр. Лейтмотивіне Ақан серінің «Маңмаңгер» әні алынған. Спектакльде «Шырмауық» сынды басқа да туындылары қамтылған.

Қойылым барысында Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Сағат Жылкелдиев, Лидия Кәденова, Сағызбай Қарабалин сынды белгілі актерлермен көзіміз болып қалдық. Алғашқысы қартайған Ақан серіні, екіншісі Батыраштың бәйбішесін, ал үшіншісі Күреңбай сынының драманың қоспасынан туатын туынды. Тәжірибелі әртістердің ойыннан мін көрмедік. Керісінше, жастау Ақанды ойнаған Еділ Рамановтың кейіпкерді беруінен еш әсерленбедік. Құлагер мерт болғанда Ақанның за-



Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің шешімімен Фархат Молдағали 2020 жылдың үздік режиссері болып танылған еді. Бұл сыйлық оған Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында І.Жансүгіровтің поэмасы желісімен сахналанған «Құлагер» саундрамасы үшін берілді. Астаналық көрерменге аталмыш туындыны көру мүмкіндігі туды. Спектакль «Елорда – өнер өлкесі» атты Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан театрларының шығармашылық кездесуі аясында көрсетілді.

рын сезінбедік. Актер Илияс Жансүгіровтің өлеңін тақпақ оқығандай етті. Құлагерді адамның сомдағаны қызық көрінді. Жылқының бейнесін Мақсат Сәбитов кескіндеді. Жалпы оның бейнесінен жануарды емес, еркіндікке ұмтылған қазақ халқының тағдырын байқағандай болдық.

Қоюшы режиссер Илияс Жансүгіровтің поэмасына Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне» жырын қосқан. Мұның астарынан азаттықты аңсаған Алаш қайраткерлері арманын да аңғарғандаймыз. «Қарға үш жүз жыл өмір сүреді» деген

дерек бар. Осы құс бейнесі арқылы кешегі мен бүгінгі күндер сабақтастырылған.

Түйіндеп айтқанда, жаңа жанрмен қатар режиссердің жаңашылдығы байқалады. Жалпы Фархат Молдағали – қазір мақталып жүрген жас режиссердің бірі. Бірнеше жыл бұрын С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық драма театрында саундрама жанрында Желтоқсан оқиғасына негізделген «86» спектаклін қойған. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Қазір Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының көркемдік жетекшісі.



ҚОБЫЗДАН КҮЙ ТӨГІЛГЕНДЕ...

«Астана» концерт залында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік академиялық филармониясы «Қорқыт» этноансамблінің (көркемдік жетекші – Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек) «Жез киік» атты VI концерттік маусымының жабылуы өтті. Кеш қобыз күйлерінің үлкен мектебін қалыптастырған Ықылас Дүкенұлының шығармашылығына арналды.

Ықыластың өскен ортасында күйшілік өнер айрықша әспеттеліп, дәулескер күйшілердің қалың шоғыры қалыптасқан. Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Итаяқ сынды күйшілердің кейбірінің даңқын естіп, күйін құлағына құйып өссе, кейбірінің көзін көріп, қадірлес сыйлас болған. Ықыластың атасы Алтын мен әкесі Дүкен де қобыз ұстаған. Ал Ықыластан

кейін қобыз күйлері тамыр жая бастады. Мұның айқын дәлелі – Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтың, Сматай Үмбетбаевтың күйшілік, ұстаздық қызметі. Бұлар Ықыластың «Кертөлғау», «Ерден», «Жалғызаяқ», «Жарым патша», «Жезкиік», «Айрауықтың ашы күйі», т.б. осы сияқты күйлерінің ұмытылмауына өлшеусіз үлес қосты. Қазір де Ықылас Дүкенұлы



мұрасының насихатшылары аз емес. Филармония концертінде «Қорқыт» этноансамблімен бірге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Раушан Оразбаева, Қайрат Жүнісов, «Құрмет» орденнің иегері Жанар Жүсіпова, халықаралық «Шаббат» фестивалінің гран-при иегері Шолпан Шарапатовна, халықаралық

байқаулардың лауреаттары – Ақнар Шәріпбаева, Олжас Құрманбек, республикалық байқаулардың лауреаты – Айдос Оңғарбай, жас өнерпаздар – Аяужан Жәнісбекова, Жалғас Нұрашев, Жұмағұл Қуанышқалиева, Тоғжан Ғайса, Аян Мұнайтыпас және «Қобыз-Рух» ансамблі өнер көрсетіп, ел ықыласына бөленді.

Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының Халық аспаптар ансамблі Еуропалық фольклорлық фестивальдер қауымдастығының қолдауымен өткен «AsiaFolk 2021» онлайн фестивалінде бас жүлде жеңіп алды.

БАС ЖҮЛДЕ ЕНШІЛЕДІ

Ансамбльдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері – Халықаралық конкурстардың лауреаты Маралжан Мырзақұлова. Онлайн фестиваль маусым айының 12-24 күндері аралығында Монголия елінде өтті. «Asia Folk 2021» онлайн-фестиваліне әлемнің 11 елінен 200-ден астам әртіс қатысып, жалпы 35

ұжым сайысқа түсті. Қаллеки театрының Халық аспаптар ансамблі байқауға С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» (М.Тиналин өңдеуі), М.Бердіғұловтың «Шахристан» туындыларын және «Күй шашу», «Ақсақ құлан» халық күйін ұсынды. Байқауға қатысқан өнер ұжымдарына әртүрлі елдердің кәсіби сарапшыла-

рынан құралған қазылар алқасы баға берді. Фестиваль қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының Халық аспаптар ансамблі бас жүлде, 1-дәрежелі Диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды.

